

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

2022 жылғы 26 мамыр

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Армения Республикасына мұнай өнімдерін беру саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушы Мағауов Әсет Маратұлына беріледі.

МАҒАУОВ Ә.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сенат депутаттары! Еуразиялық экономикалық одақ мүшелері арасындағы мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес жекелеген екіжақты келісімдермен реттеледі.

2020 жылғы 16 шілдеде Нұр-Сұлтан қаласында Армения Республикасына мұнай өнімдерін беру саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Тараптар мемлекеттерінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің уәкілетті ұйымдарды тарта отырып, Қазақстан аумағынан Арменияға жеткізуді жүзеге асыруы үшін тараптар қажетті жағдайлар жасайды.

Келісімге сәйкес тараптар Арменияға жеткізуге рұқсат етілген тауарлардың тізбесін бекітеді. Бұдан әрі тараптардың ведомстволары тиісті хаттама жасайды. Сондықтан, егер қандай да бір мұнай өнімдері рұқсат етілген тізімге кірмесе, онда тауарларды әкету жүзеге

асырылмайды. Бұдан басқа тараптардың құзыретті органдары жыл сайын ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 желтоқсанына дейін тауарларды өндіру, ішкі тұтыну, беру, импорттау және экспорттау балансын жасайды, яғни индикативті баланс. Сондай-ақ келісім тараптардың индикативтік баланстарында көзделген көлемдерден тыс жеткізуге тыйым салынады. Еуразиялық экономикалық одақ елдері арасындағы сауда экспорттық кедендік баж салығын төлемей, кедендік бақылаусыз жүзеге асырылады.

Осы келісім мұнай өнімдері саудасының іс жүзіндегі ерекше режимін белгілейді және Қазақстаннан Арменияға мұнай өнімдерін әкету кезіндегі бақылау тетіктері қамтылған. Осындай тетіктер артық мұнай өнімдерін Арменияның неғұрлым артықшылықты нарығында өткізуге мүмкіндік береді. Бұл мұнай өнімдерінің ішкі теңгеріміне оң әсер етеді және Қазақстанның шаруашылық жүргізуші субъектілерінің түсімін арттырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан мұнай өнімдерін әкетуді ретке келтіреді және ішкі нарықты Еуразиялық экономикалық одақ елдеріне мұнай өнімдерінің бақылаусыз ағынынан қорғайды.

Жеткізу шарттарын кәсіпкерлер өзара келісім бойынша дербес анықтайды. Уағдаластықтар осы жеткізілімдердің экономикасынан ғана шығатын болады.

Келісімдер шетел валютасында жасалады, сондықтан қандай да бір тәуекелдер болжанбайды. Сонымен қатар келісім бақылаудың бірқатар тетіктерін қарастырады.

Қазақстан ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ішкі нарықты қорғау мақсатында индикативтік баланстармен бекітілген көлемдер асып кеткен жағдайда, форс-мажор жағдайларында, сондай-ақ Армения өз аумағынан қазақстандық мұнай өнімдерін үшінші елдерге және Еуразиялық экономикалық одақ елдеріне әкету тыйымы бойынша міндеттемелерін бұзған кезде Қазақстанның біржақты тәртіппен Арменияға мұнай өнімдерін бажсыз жеткізуді тоқтата алатыны немесе шектей алатыны көзделген. Сондықтан біздің ішкі нарығымыз үшін тәуекелдер жоқ.

Қазақстандық мұнай өнімдерін Арменияға жеткізу 2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін жүзеге асырылмайды. Армения тарапынан кері экспорт тіркелген жоқ.

Келісімде «Қазақстан темір жолы – Жүк тасымалы» АҚ (ҚТЖ-ЖТ) ай сайын Бірыңғай тарифтік-статистикалық жүк номенклатурасының жүк номенклатуралары бойынша тауарларды тиеп-жөнелту көлемдері туралы есеп береді. Одан Қазақстан мен Арменияның теміржол кәсіпорындары теміржол саласындағы ақпараттық жүйе арқылы өзара іс-қимыл жасайды. Сондай-ақ тараптар мемлекеттерінің фискалдық органдары өзара іс-қимылды Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық жүйесі арқылы жүргізеді.

Қазақстанның ішкі нарығын мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету басты басымдық болып табылатынын атап өткен жөн. «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Заңға сәйкес министрлік ай сайын ішкі нарыққа қайта өңдеу үшін мұнай жеткізу жоспарын бекітеді және тек қана артық мұнай өнімдері болған жағдайда Арменияға осындай жеткізілімдер жүзеге асырылатын болады.

Баяндама аяқталды. Қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым Энергетика вице-министріне арналады.

Құрметті Әсет Маратұлы! Қаралып отырған келісімнің 3-бабының 1-тармағына сәйкес Армения Республикасының аумағына сыныпталған тауарларды беру, импорттау және экспорттау үшін құзыретті органдар көлемін айқындап, индикативтік баланстар жасайды делінген және 4-бабының 4-тармағына сәйкес мұнай өнімдерін беру кезіндегі форс-мажорлық жағдай туындаған сәтте еліміздің құзыретті органы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ішкі нарықты қорғау мақсатында уақытша шектеулер белгілеуге құқылы делінген.

Осы тұста сұрағым:

Аталған форс-мажорлық жағдай болған жағдайда қойылған уақытша шектеулер әсерінен берілетін алдын ала бекітілген мұнай өнімдерінің индикативтік баланста бекітілген көлеміне және белгіленген бағасына өзгерістер енгізу мәселесі қарастырылатын болады ма? Рақмет.

МАҒАУОВ Ә.М. Форс-мажорлық жағдайлар болған кезде Қазақстанның тарапынан 20 күн бұрын оларға осыны тоқтату бойынша ақпарат жіберілу керек. Сондықтан қажетті жағдайлар іске асырылады. Индикативтік баланстағы көрсетілген көлемдер біздің міндеттемелеріміз емес, ол тек екіжақты шаруашылық субъектілерінің келісімдері бойынша берілетін көлем. Былай айтқанда, ол біздің баланстағы берілетін ең жоғарғы көлем, бірақ тиісті көлемді компаниялардың өздері анықтайды, біз ол көлемнен асып кетпеуге тиіспіз. Сондықтан ішкі нарыққа керек жағдайда біздің тыйым салуға құқығымыз бар.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Әсет Маратұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасының мақсаты 2020 жылғы 16 шілдеде Нұр-Сұлтан қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Армения Республикасына мұнай өнімдерін беру саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау болып табылады.

Келісім Қазақстан Республикасының Армения Республикасына АИ-92, 95, 98 маркалы бензинін және дизель отыны сияқты тауарларды жеткізу бойынша жүзеге асыруға қажетті шарттарды айқындайды. Сауда-экономикалық және өзара тиімді ынтымақтастық екі тараптың өзара мүдделерін қорғауға негізделеді. Келісімде аталған тауарларды өндіру көлемі, ішкі тұтыну теңгерімі, импорт пен экспорт негізінде Армения

Республикасына тасымалдау жөніндегі құзыретті уәкілетті органдар мен ұйымдар айқындалған.

Келісім аясында Армения Республикасына әкелілетін тауарларға Қазақстан тарапынан Еуразиялық экономикалық одақ шартына сәйкес кедендік әкету баждары алынбайтынын атап өту қажет.

Келісімде индикативтік баланстарда көзделген көлемдерден тыс тауарларды жеткізуге тыйым салу бойынша шарт көзделген. Сонымен қатар келісімде ішкі нарықты қорғау мақсатында уәкілетті органның Арменияға тауарларды әкетуге уақытша шектеулер белгілеуге құқығы бар екендігі регламенттелген. Тауарларды тасымалдау автомобиль, теміржол және теңіз көліктерімен жүзеге асырылады.

Келісімнің тағы бір ерекшелігі – сатып алынған мұнай өнімдерін Армения Республикасының үшінші елдерге сату фактілері анықталған жағдайда Қазақстан Республикасына өтемақы сомасын төлеуге тиіс екендігін көздейді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Құрметті әріптестер, жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Армения Республикасына мұнай өнімдерін беру саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бауыржан Нұралыұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Мамытбеков Еділ Құламқадырұлына беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Жеті жыл бұрын құрылған Еуразиялық экономикалық одақ әлемдік ауқымдағы маңызды интеграциялық бірлестіктердің бірі болып табылады. Бүгінде тауарлар, қызметтер, жұмыс күші мен капиталды еркін өткізу бойынша жүргізіліп жатқан ұжымдық жұмыстар сауда-экономикалық ынтымақтастық бойынша ұзақ мерзімді перспективаларды ашады. Мәселен, қаралып отырған келісімді ратификациялау Қазақстан Республикасы мен Армения Республикасы арасында мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы тиімді ынтымақтастық құруға мүмкіндік береді. Бұдан басқа Қазақстан Республикасынан Армения Республикасына мұнай өнімдерін әкетуді баж салығынсыз жүзеге асыру бойынша құқықтық негіз қалыптастырылатын болады. Сонымен қатар заң жобасының негізгі міндеттерінің бірі нарықты Еуразиялық одақ елдеріне мұнай өнімдерінің бақыланбайтын ағынынан қорғау болып табылатынын атап кеткен жөн.

Құрметті әріптестер, жоғарыда аталған заң жобасын толық қолдаймын, сондай-ақ барлығыңызды қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Армения Республикасына мұнай өнімдерін беру саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Қамалетдинов Сұлтан Бүркітбайұлына беріледі.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздерге Қырғыз Республикасымен Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісім ратификацияланатын заң жобасы қарауға ұсынылады.

Келісімге 2021 жылғы 7 желтоқсанда Жоғарғы Бас қолбасшының тапсырмасын, Қырғызстан тарапының әскери-техникалық көмек көрсету туралы сұрауын іске асыру мақсатында қол қойылды.

Келісім бойынша әскери мүлік бір рет беріледі, оның атауы мен көлемі дипломатиялық арна арқылы келісілді.

Қазақстан тарапы мүлікті Қырғызстанның Қойташ елді мекеніне дейін автомобильмен жеткізеді, шығынды өзі көтереді.

Қырғызстан тарапы алған мүлікті тек қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін пайдаланады, үшінші тарапқа бермейді, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге қарсы қолданбайды.

Орталық Азия өңіріне іргелес аумақта шиеленіс болған, өңірлік қауіпсіздікке сын-қатер төнген жағдайда әскери-техникалық көмек көрсету Қырғызстан Қарулы Күштерінің оған тойтарыс беруіне, Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Заң жобасын қабылдау бюджеттен қосымша қаражатты қажет етпейді, теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарға әкелмейді.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергенұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет.

Құрметті Сұлтан Бүркітбайұлы, Қырғыз Республикасына әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісімді қолдаймын және оны өзекті деп санаймын.

Біздің бауырлас елдерімізді екіжақты байланыста да және өңірлік форматта да ортақ қауіпсіздік, экономикалық-мәдени қатынастар тығыз байланыстырады. Осыған байланысты:

1. Келісімнің 1-бабына сәйкес әскери мүліктің атаулары мен көлемдері осы келісімге қол қойылғаннан кейін дипломатиялық арналар арқылы келісіледі. Осыған байланысты бүгінгі таңда осындай мүліктің тізбесі анықталды ма және Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігі мен қорғаныс әлеуетін қамтамасыз ету мақсатында қандай әскери мүліктер беру жоспарланып отыр?

2. Бүгінде Қырғызстанмен, сондай-ақ біздің елдер қатысушылары болып табылатын бірлестіктер шеңберінде әскери ынтымақтастықтың болашақ перспективалары қандай? Рақмет.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С. Б. Сұрағыңызға рақмет.

Мүлік тізімі анықталды, дипломатиялық арна арқылы келісілді. Оның ішінде қару-жарақ та бар, оқ-дәрі, бақылау және барлау жабдықтары бар. Әскери-техникалық көмектен басқа жауынгерлік даярлық пен кадр даярлау жұмысы жүргізілуде.

Бүгінге дейін Қырғызстанның 300-ден астам әскери қызметкері Қазақстанда білім алды, қазір 25 әскери қызметкері оқып жүр (2 офицер, 23 курсант). Сонымен қатар екіжақты және көпжақты, оның ішінде ОДКБ, СНГ, ШОС оқу-жаттығулары мен басқа іс-шаралар өткізіледі. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сұлтан Бүркітбайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының үкіметтері арасында өтеусіз әскери-техникалық көмек көрсету туралы шартты жасасу біздің елдің Қырғызстан сияқты Орталық Азия мемлекетімен 2011 – 2021 жылдары жасалып, қалыптасқан екіжақты шарттың ратификациясына сүйенеді.

Заң жобасын қабылдаудың мақсаты Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының жауапкершілік аймағына шекаралас Ауғанстандағы саяси ахуалдың шиеленісуіне, сондай-ақ өңірлік қауіпсіздікке төнетін сын-тегеуріндер мен қатерлердің өсуіне байланысты Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету болып табылады.

Әскери-техникалық көмек көрсету Қырғыз Республикасы Қарулы Күштерінің осы қатерлерге тойтарыс беру жөніндегі әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін Қырғызстанның ерекше геосаяси мәртебесін, ортақ шекарасын, бауырлас екі мемлекет арасындағы достық қатынастарын

ескере отырып заң жобасын қабылдау еліміздің ұлттық және халықаралық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі негізділігі мен өзектілігіне ықпал етеді.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып заң жобасын қолдауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұржан Нұрланбекұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Слово предоставляется депутату Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые коллеги! Внесенный Правительством данный законопроект направлен на создание правовой основы для разовой передачи Казахстаном Кыргызстану военного имущества, которое позволит усилить возможности вооруженных сил Кыргызстана по отражению угроз региональной безопасности. Соглашение окажет военно-техническую помощь в условиях осложнившейся обстановки в области безопасности прилегающих районов Центральноазиатского региона, а также в связи с ростом вызовов и угроз региональной безопасности позволит усилить возможности вооруженных сил Кыргызстана по отражению этих угроз и укреплению безопасности.

Учитывая, что данный законопроект не нанесет материального ущерба нашей армии и приведет к усилению существующих дружеских взаимоотношений, будет способствовать сотрудничеству в военной области двух стран, предлагаю поддержать данный законопроект.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Бүгін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қырғызстанға ресми сапары басталады. Осы сапар аясында бірқатар маңызды келісімдерге қол жеткізіледі деп күтілуде. Біздің бүгін қараған заңымыз да бауырлас екі елдің ынтымақтастығын нығайтуды көздейді. Нақты айтқанда бұл келісім Орталық Азияда тұрақтылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Қабылданған заң екі ел арасындағы өзара достық қарым-қатынасты және әскери саладағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып болды. Депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер! Өздеріңізге белгілі, елімізде Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын жүзеге асыруға арналған кешенді жоспар бекітілген болатын. Бұл бағдарлама Мемлекет басшысының тапсырмасымен қабылданды.

Бұған дейін келіскеніміздей, кешенді жоспарды іске асыру мәселелері жөнінде депутаттарға жан-жақты мәлімет беру үшін бүгін отырысқа Премьер-Министрдің орынбасары Тоғжанов Ералы Лұқпанұлын арнайы шақырып отырмыз. Сонымен қатар отырысқа Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова, басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері және бағдарлама аясында іске асырылатын жобалардың жетекшілері қатысып отыр.

Осы мәселені қарастырудың келесі тәртібі ұсынылады. Алдымен Тоғжанов Ералы Лұқпанұлының ақпаратын тыңдайық, содан кейін сұрақтар мен жауаптарға көшейік, соңында талқылау өткізу ұсынылады. Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса тиісті ақпарат беру үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тоғжанов Ералы Лұқпанұлына беріледі.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті сенаторлар! Өздеріңізге белгілі, халықтың табысын арттыру бағдарламасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей тапсырмасына сәйкес әзірленді. Үкіметтің қаулысы бекітіліп, бүгін жүзеге асырылуда. Жаңа Қазақстанның, халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған жаңа бағдарлама деп айтсам артық емес.

Бағдарламада азаматтардың кірісін көтеру бойынша нақты шаралар қарастырылған, оның ішінде ұлттық жобаларда көзделген біраз міндет те топтастырылған.

Алғаш рет елдік ауқымдағы бағдарламаны іске асыруға мүдделі тараптардың тікелей қатысуына негізделген халықаралық тәжірибе қолданылып отыр. Сондықтан бүгін жас болса да кәсіби деңгейлері жоғары азаматтар, сарапшылар құжаттың жекелеген бағыттарына жетекшілік етеді. Мен оларды бүгін осы жерге шақырдым.

Атап айтсақ:

Саясат Нұрбек Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Мамандығым – болашағым» бағыты бойынша;

Эльдар Жұмағазиев «Ауыл аманаты» бағыты бойынша;

Рақым Ошақбаев пен Нартай Аралбай ақпараттық сүйемелдеу бойынша;

Нәзипа Шанаи мен Ырза Тұрсынзада әлеуметтік аз қамтылған топқа жататын аналардың табысын арттыру бағыты бойынша;

Алмас Жәли «Креативті индустрия» жобалары бойынша;

Нұрсұлтан Шоқанов өндіріс секторы бойынша;

Эмин Аскеров «Әлеуметтік кәсіпкерлік» бағыты бойынша;

Даулет Мұқаев «Бала-шағамен солтүстікке» жобасына жетекшілік етеді.

Бұл сарапшылармен бірге мәселені бір емес, бірнеше рет терең қарастырдық, біраз аймақта бірге жолсапарда болдық, әрбір жобаның нақты мәселесі мен маңызы жайында және халыққа тікелей жеткізуде бірге атсалысып жүр. Алдын ала рақмет айтуға рұқсат етіңіздер.

Құрметті сенаторлар! Сіздер өңірлермен жіті таныссыздар, ерекшеліктері мен проблемаларын жақсы білесіздер. Қазіргі күні Ұлттық экономика министрлігінің Экономикалық зерттеулер институты жанынан бағдарламаны сүйемелдеу бойынша жобалық офис құрылды, ол жұмысын жасауда. Сондықтан бағдарламада көзделген шаралардың тиімділігін арттыру үшін сіздердің ұсыныстарыңызды бірге талқылауға дайынбыз.

Бұны айтып отырған себебім, бағдарлама қабылданғанмен ашық, үлкен бағдарлама деп қарау керек. Халыққа керекті, халықтың әл-ауқатын көтеретін үлкен жобаларға қатысты жалпы идеясы бар кез келген азаматпен кездесуге де, бірге талқылауға да, жобаны бірге жүзеге асыруға да дайынбыз.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, өткенде нақтыланған бюджетті Сенатта қарау кезінде шет елдердің кедейлікпен күрес тәжірибесіне назар аударуды ұсынған едіңіз. Осы ұсынысқа сәйкес біз халықаралық практикаға егжей-тегжейлі зерттеу жүргізіп, талдау жасадық.

Қытайда ауылдық жерлерде табысты, ауыл шаруашылығы тауарларының өнімділігін арттыру үшін ирригациялық инфрақұрылымды жақсарту сияқты шаралар қабылданған.

Кедейлікпен күрестің еуропалық моделі негізінен сақтандыру жүйесін дамытуға бағытталған. Адам неғұрлым ұзақ жұмыс істесе, оның әлеуметтік қорғау деңгейі соғұрлым жоғары болады. Бұл модель Германия, Нидерланды, Франция сияқты елдерге тән. Ал Оңтүстік Еуропа елдерінде бюджеттен әлеуметтік жеңілдіктер мен субсидиялар шектелген мөлшерде берілетінін де біз ескеріп отырмыз. Сондықтан біз де бағдарламада жалақы мөлшерін арттыруға бағытталған тікелей шараларды ғана қосумен шектелген жоқпыз. Бағдарламаның маңызды бөлігі – бұл жаңа экономикалық өсуге арналған, азаматтардың жұмысқа орналасуына жағдайлар жасау, сондай-ақ жаңа дағдылар мен кәсіпке баулитын жанама шаралардан құралған.

Ал тікелей шараларға келсек, 1,1 миллионнан аса жұмыскердің еңбекақысын арттыру көзделген. Оның ішінде бюджет саласының 850 мыңнан аса қызметкерінің лауазымдық айлық ақысы ұлғайтылады. Оның бәрі слайдтарда көрсетілген.

Мен мысал ретінде айтып отырмын, дәрігерлердің жалақысы 320 мыңнан 531 мың теңгеге дейін, орта медициналық қызметкерлердің жалақысы 173 мыңнан 250 мың теңгеге дейін өседі.

Бұл жерде педагогтардың да жалақысы бар, оның бәрі слайдтарда көрсетілген.

Ағымдағы жылы сәуірден бастап «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» компаниялар тобының 258 мың өндірістік персоналының жалақысы 5 пайыздан 48 пайызға дейін көтерілді. Бұл ретте жалақысы төмен лауазымдарға басымдық берілді. Айталық, «Қазпошта» жүйесіндегі жүргізуші-курьердің жалақысы 144 мың теңгеден 237 мың теңге дейін өсті. Осылайша қазірдің өзінде азаматтардың табысын арттыру бойынша нақты шаралар іске асырылды.

Қордың ішкі резервтері есебінен қызметкерлердің кірістерін арттыру бойынша жұмыс жалғасатын болады. Жыл соңына дейін тағы да 4 компанияда өндірістік персонал жалақысы 5 пайыздан 18 пайызға дейін өседі.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» компаниялар тобының отырысы ашық өткізілді. Журналистердің қатысуымен, қоғам қайраткерлерінің қатысуымен осы қызметтердің әр түрін талқылап, сол жерде нақты шаралар қабылданды. Бұдан бөлек мемлекеттен қолдау шараларын алатын ірі бизнеске қатысты міндеттемелерді белгілеу есебінен онда істейтін 2,8 миллион қызметкердің орташа жалақысы өседі.

Ашығын айтқанда біз мұндай талапты бірінші рет қойып отырмыз. Өйткені мемлекеттің үлкен бағдарламаларына, оның ішінде мемлекеттік сатып алуға қатысатын көптеген ірі компаниялар бар, сондықтан бұндай қатысатын компаниялармен алдын ала жұмыс жүргізудің нәтижесінде осындай нақты көрсеткіштерге келіп отырмыз.

Өздеріңіз де байқаған шығарсыздар, екі апта бұрын Қарағанды облысында ірі бизнестің қатысуымен бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстардың алдын ала қорытындыларын тыңдадық. Нәтижесінде қазірдің өзінде Қазақстан бойынша ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардағы жалақы мөлшерін 15 пайыздан 30 пайызға дейін өсіруге қол жеткізілді. Бұл бүгінгі нақты жүзеге асырылған шаралар. Оның қатарында «Қазминералс» 15 пайызға, «ҚазАзот» 20 пайызға, «ERG» 25 пайызға, «Қазақмыс» 30 пайызға көтеріп отыр.

Мен тек ірі компаниялардың тізімдерін атап отырмын, ол жерде 150-ден аса компания бар. Олардың бәрін бүгінде қадағалауға қойып отырмыз.

Экономиканың түрлі салаларында инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен 2025 жылға дейін 2 миллионнан астам жаңа жұмыс орны құрылады. Оның ішінде өнеркәсіп пен кәсіпкерлікте 950 мың, инфрақұрылымдық жобалар шеңберінде 583 мың, агроөнеркәсіптік кешенде 458 мың, туристік салада 59 мың. Атап айтқанда, өнеркәсіп саласында барлығы 713 жоба жоспарланған. Оның ішінде биылдың өзінде 165 жоба іске қосылып, 16 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылады.

Бұл ретте ірі жобаларды экономикаға қосатын үлесімен қатар халықтың әл-ауқатын арттыруға бағыттау міндеті алдымызда тұр. Осы себепті жаңа өндіріс орындарын құру жобалары тек ірі қалаларды ғана емес, ауылдық елді мекендер мен моноқалаларды қамтитын болады.

Өздеріңізге белгілі, моноқалаларды дамыту мәселесі күн тәртібінде. Сондықтан Қарағанды облысының Саран қаласы үлгісінде моноқалаларды қалпына келтіру міндеті алдымызда тұр. Нақты мысал ретінде айтып кетуге болады, қалада іске қосылған үш негізгі жоба шиналар өндірісі, тұрмыстық техника, жүк автомобильдерін өндіруге бағытталған. Бір сөзбен айтқанда, осы кішкене қаланың айналасында 2500 жаңа жұмыс орны құрылып отыр. Бұл аз емес деп ойлаймын.

Жанама шаралар өңдеуші өндірістің өнімділігін арттыруға, кәсіпкерлікті дамытуға, жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге, кәсіптік даярлауға бағытталған. Бұл арнайы кейс. Саясат Нұрбек деген азамат осы бағытты тікелей басқарып отыр. Павлодарда осы мәселеге байланысты жиналыс болады, соған сіздерді де қатысуға шақырамыз.

Азаматтардың кәсіпкерліктен түсетін табысын арттыру мақсатында елімізде 50-ден аса ірі кәсіпорын айналасында шағын және орта бизнес белдеуін құру көзделген. Бұл жай

сөз емес, бүгінде нақты жүзеге асырылуда. Оның нақты бір көрінісі ретінде Қызылорда облысындағы шыны зауыты айналасында 8 шағын зауыттан тұратын шағын және орта кәсіпкерлік белдеуі қалыптастырылғанын айтқым келеді. Бүгін оның біреуі жүзеге асып отыр, әкімдіктің берген уәдесі бойынша оны нақты жүзеге асыратын боламыз. Бұл тек бір ғана облыс бойынша. Төрт облыс бойынша осындай нақты жобалар жүзеге асырылуда. Оның бәрі слайдта көрсетілген.

Следующий кейс. Это локализация производства.

По итогам прошлого года общий объем закупок товаров и услуг недропользователей энергетического сектора составил 4,7 триллиона тенге, из которых около 40 процентов были приобретены из других стран. Сегодня это один из острых вопросов, который стоит на повестке дня.

Среднеотраслевой показатель доли местного содержания составил 61,8 процента, то есть имеется достаточный потенциал для локализации (примерно 1,7 триллиона тенге). В связи с этим запланировано создание высокопроизводительных рабочих мест путем локализации новых производств по 19 видам востребованных производственных товаров в нефтегазовой отрасли. Одно из них – строительство первого интегрированного газохимического комплекса в Атырауской области.

Также ведется работа по развитию местных товаров для нужд крупнейших операторов («Тенгизшевройл», «Карачаганак Петролеум Оперейтинг», «Норт Каспиан Оперейтинг»), на которые приходится 75 процентов закупок недропользователей.

Уже сегодня начаты работы по локализации производств по трем товарным группам – запорная арматура, контрольно-измерительные приборы автоматики, электротехническое оборудование. Заключено четыре соглашения с компаниями, выпускающими данные виды оборудования.

Кроме этого, в целях импортозамещения и экспорта впервые в текущем году через Фонд развития промышленности выделены средства в сумме 335 миллиардов тенге для финансирования прорывных обрабатывающих проектов на условиях выполнения встречных обязательств.

Все эти цифры мы озвучили на совещании в Карагандинской области. Если конкретизировать, для малого и среднего бизнеса на уровне 3 процентов, для импортозамещения и экспорта на уровне 7 процентов. Я думаю, это серьезная возможность для тех бизнесменов, которые в этом направлении начнут конкретную работу.

2025 жылға дейін халықтың сатып алу қабілетін қорғау мақсатында қанттан басқа азық-түлік тауарлары бойынша 100 пайыз импортты алмастыру шаралары іске асырылатын болады. Бұл ірі 87 сүт-тауар фермасын, 14 ет комбинатын, 17 құс фабрикасын іске қосу және 6,6 мың гектар бақ пен бір қант зауытын салу арқылы жүзеге асырылатын болады. Сонымен қатар бақша, сүт, бал өнімдерін өндіретін 9 мыңнан аса отбасылық қосалқы шаруашылықты біріктіретін 280 ауыл шаруашылығы кооперативін құру жоспарлануда.

Жалпы жоғарыда атап өткенімдей 2025 жылға дейін 450 мыңнан аса жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған агроөнеркәсіп саласын дамыту «Ауыл аманаты» жобасы аясында іске асырылатын болады. Бұл ретте отбасылық шаруашылықты дамыту бойынша Жамбыл облысында тиімді іске асырылған пилоттық жобаны еліміздің басқа аймақтарына тарату

үшін нақты жұмыстар жүргізілуде. Ол жаққа арнайы барып келдік. Қазақстандағы бүкіл әкімнің орынбасарларын сол азаматтардың өздерінің сұрауы бойынша жинап, нақты таныстырылған болатын. Жобаның нақты нәтижелері бар.

Қысқаша айтқанда, пилоттық жоба 2019 жылы басталды, 11 ауылдық округты қамтып, жүзеге асырылған. Нәтижесінде 2,5 мың отбасының табысы 4 есеге артқан. Бұл ауылдардағы атаулы әлеуметтік көмек алушылардың санын 65 пайызға төмендетіп отыр. Кәсіпкерлердің саны 966-дан 3248-ке дейін өскен, яғни әрбір үшінші отбасы кәсіпкерлікпен айналысып отыр деген сөз. Қазір 11 ауылдан түсетін жыл сайынғы салық түсімдерінің көлемі 125 миллион теңгеге жетті. Ашығын айтқанда, бұл кішкентай ауыл экономикалық айналымға қатысуға толықтай мүмкіндік алды деген сөз.

Сонымен қатар бағдарламада халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарының тұрақты табысын қалыптастыру бойынша кешенді шаралар қамтылған. Атап айтқанда, біздің тағы да бір үлкен бағыттарымыз бар, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтар бар, көп балалы азаматтар бар, оларға үй жағдайында табыс табуға жағдай жасау көзделіп отыр. Мен ол мәселенің маңыздылығын да, қиындығын да түсінемін, дегенмен біз өзімізге жоғары міндеттеме алып отырмыз, жылына 20 мыңға жуық осындай азаматты (әйелдерді) жұмысқа орналастыруды көздеп отырмыз. Ол «Бақытты отбасы» сияқты жобалар арқылы бүгін жүзеге асырылып отыр, ондай жобалар Қазақстан бойынша аз емес. Жеті-сегіз баламен отырған ананың басқа жерге барып жұмыс істеуі өте қиын мәселе екені де белгілі, мүгедектігі бар балалардың аналары үшін де үйінен шығып кетіп басқа жаққа бару үлкен мәселе екені белгілі. Сондықтан осы мәселені де күн тәртібіне арнайы шығарып отырмыз.

Сонымен қатар жұмысқа жарамды мүгедектігі бар адамдарды да осы жобаның айналысында қарастыратын боламыз, олардың ішінде 30 пайызын жұмыспен қамту жоспарлануда. Қазақстан бойынша олардың саны 770 мың, оның ішінде 400 мыңға жуығы еңбекке қабілетті деп ойлаймыз. Бұны да өзімізге міндеттеме ретінде алып отырмыз.

Өткен аптада осында жастар саясаты мәселесі бойынша арнайы тыңдау өтті. Ол тыңдауда жастарды қолдау шаралары туралы, кәсіпке баулу бағытындағы жұмыстар туралы біраз айттым. Сондықтан бұл бағыттарға тоқталудың қажеті жоқ қой деп ойлаймын. Егер сұрақтар болатын болса оған жауап беруге дайынбыз.

Құрметті депутаттар, бүгінде табысты арттырудың жаңа әрі әлеуетті бағытының бірі креативті индустрия саласы. Бізде бұл бағыт дамымаған, дегенмен халықаралық тәжірибе мынандай: 1) әлемдегі креативті индустрияның қаржы айналымы АҚШ мемлекетінде 2,3 триллион АҚШ долларын құрап отыр, 2) осы салада 12 жыл бұрын арнайы бағдарлама қабылдаған Оңтүстік Корея 2020 жылы әлемдік медиа-ойын сауық нарығында жетінші орынға шықты. Бүгінде бұл елдің креативті экспорт көлемі 12 миллиард АҚШ долларын құрап отыр. Сондықтан бұл бағытты дамытуға өзімізге міндеттеме алып отырмыз.

Қандай нақты шаралар?

Біріншіден, елімізде 3 мыңға жуық мәдениет ұйымдары бар. Ең алдымен осы ұйымдардың креативті идеялар үшін ашықтығын қамтамасыз ету.

Екіншіден, мәдениет ұйымдарындағы құрал-жабдықтарды қолдана отырып жаңа креативті өнім шығаруға ниетті азаматтарға толықтай қолжетімділікті қамтамасыз ету. Бұл қолымыздағы нақты шара. Оны жүзеге асыруға бүгін толықтай негіздеме бар.

Үшіншіден, қазір мәдениет ұйымдарының мүлкін пайда табу мақсатында тиімді пайдалану механизмдерін реттейтін заң жобасы әзірленуде. Мақсат – түскен табыс сол ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтауға және қызметкерлердің жалақысын арттыруға бағытталатын болады. Бұл мәдениет ұйымдарын экономикалық айналымға енгізудің үлкен мүмкіндігі деп ойлаймыз.

Сонымен қатар авторлық құқықты қорғау механизмдеріне қатысты күн тәртібінде бірқатар нақты мәселелер де тұр. Жалпы креативті индустрияны дамытуға бағытталған заң жобалары әзірленіп, Парламент қарауына енгізілетін болады. Сіздерден осы бастамаларға қолдау көрсетуді сұраймын.

Құрметті депутаттар! Бизнес өкілдерімен кездесуде Мемлекет басшысы жалпы ішкі өнімдегі еңбекақы үлесін арттырудың маңыздылығын ерекше атап өткен болатын. Бағдарлама бұл көрсеткішті 31 пайыздан 38,5 пайызға дейін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар жалпы кірістердегі еңбек қызметінен түскен кірістердің үлесін 70 пайыздан 82 пайызға дейін арттыруды көздеп отырмыз.

Құрметті сенаторлар! Бағдарламаның орындалуы ең алдымен халыққа дұрыс түсіндіру, жеткізуге тікелей байланысты екені мәлім. Екіншіден, қандай істің де оңға басуы жауапкершілікке байланысты. Бұл жерде жобаны ұйымдастырушылармен қатар қоғамның, халықтың, жұмысқа тартылатын азаматтың да жауапкершілігі жоғары болуы тиіс. «Бірлесе істеген іс берекелі» деп бабаларымыз текке айтпаған шығар деп ойлаймыз. Бағдарламаны іске асыруға барлық министрліктер мен жергілікті әкімдіктер толықтай жұмылдырылды.

Өздеріңіз де көріп отырсыздар, Ұлттық экономика министрлігімен бірге Ауыл шаруашылығы, Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Энергетика, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің, «Самұрық-Қазына» қорының есептері ашық тыңдалды. Алда Павлодар, Ақмола облыстарында бағдарламаны нақты жүзеге асыруға байланысты тыңдау өткізіледі. Сіздерді осы үлкен іс-шараға атсалысуға шақырамыз.

Бұл онай жұмыс емес, барлық мәселені бірден шешіп тастаймыз деген ойдан аулақпыз. Десек те «Ауылдастың анты бір» дегендей, мақсаты бір қоғамның жеңбейтін мәселесі болмайтыны да белгілі. Олай болатын болса осындай халықтық бағдарламаны бірге іске асыруға сіздерді шақырамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Толыққанды ақпарат бердіңіз, Ералы Лұқпанұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді сұрақтарға көшейік.

Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министріне арналады.

Құрметті Тамара Босымбекқызы, Жаңа Қазақстанның негізгі мақсатының бірі халықтың табысын арттыру және теңсіздікті азайту екені айқын.

Өткен жолғы қойған сұрағыма тұшымды жауап ала алмаған соң бүгін сол сұрақты қайта қоюыма тура келіп отыр.

Биыл сәуір айынан бастап әлеуметтік сала шығыстары қосымша 4 пайызға индекстелді. Сонда 40-50 мың теңге көлеміндегі зейнетақы 2 мың теңгеге ғана өссе,

300-400 мың теңгедегі зейнетақы 16 мыңға дейін өскен. Ал бұл өз кезегінде теңсіздікті қалай азайтпақ?

Сонымен қатар бұл қаражат ең төмен зейнетақы мен 1 миллионға жуық адамның табысының ең төменгі күнкөріс деңгейін қаншалықты көтеруге мүмкіндік береді?

Жалпы индекстеу деңгейін, азаматтар төлемдердің өсуін барынша сезіну үшін ең төменгі әлеуметтік стандарттар әдіснамасын қайта қарау министрліктің бүгінде жоспарында бар ма?

ТӨРАҒА. Тамара Босымбекқызы, жауап беріңіз.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Рақмет.

Жалпы зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді индексациялау жөнінде алдыңғы кездесуде өздеріңізге айтқан едім. Бюджеттік регламентке байланысты индексациялау инфляцияның коридорына байланысты жүргізіледі.

Ал енді ең төменгі төлемдер жөнінде – ең төменгі зейнетақы, ең төменгі еңбекақы, ең төменгі жәрдемақы жөнінде сіздің пікіріңізбен толық келісемін. Ералы Лұқпанұлы айтқан жоспардың ішінде ең төменгі еңбекақыдан бастап ең төменгі жәрдемақыға дейінгі стандарттарды қайтадан қарау жөнінде біздің он шақты жоспарымыз тұр.

Қазір біз ұлттық эксперттер мен халықаралық эксперттерді шақырдық, жұмысты бастадық, біраз ұсыныс даярлап жатырмыз. Соның нәтижесінен кейін жұмыс тобы құрылады деп отырмыз, сол жұмыс тобына өздеріңізді шақырамыз. Сол жерде ең төменгі стандарттар жөнінде өздеріңізге ұсыныстарымызды береміз.

Жалпы бұл жөнінде жұмысты толық бастадық, проблема бар. Айтып отырған ең төменгі зейнетақы мен орташа зейнетақының ортасында да үлкен айырмашылықтар пайда болды. Ең төменгі әлеуметтік стандарттарды қайта қарау арқылы ортасындағы айырмашылықты жөндемекшіміз.

ТӨРАҒА. Жақсы. Үлкен жұмыс, бұл жұмысқа біздің депутаттарды тартып, жұмыс топтарына шақырсаңыздар дұрыс болады. Бұл бағытта бірге жұмыс істейік.

Құрметті әріптестер, сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің Ұлттық экономика министрлігіне екі сұрағым бар.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының 2021 – 2025 жылдарға арналған агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» жобалары және тағы да басқа ұлттық даму жобалары іске асырылуда.

Аталған ұлттық жобалар халықты жұмыспен қамтамасыз етуді және азаматтарды кәсіпкерлікке тартуды мақсат етеді. Сонымен қатар «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспарына сәйкес Қазақстанда 2 миллионнан астам адам өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар болып табылады. Олардың 85 пайызы айына 80 мың теңгеге жуық табыс табады екен, яғни өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың

орташа жалақысы Қазақстан бойынша орташа жалақыдан 2,5 есе төмен екендігін көрсетіп отыр.

Менің сұрағым:

1. Ұлттық экономика министрлігі өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды кәсіпкерлікке тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың алатын табысын ұлғайту үшін қандай жаңа шаралар ұсына алады?

Сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған қазақстандықтар қаржы ұйымдарында несие алу кезінде қиындықтарға тап болып жатқан жағдайларды да атап өткен жөн. Кейбір өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың ай сайынғы табысы 300 мың теңгеден басталса да бұл топтың 50 пайызына банктер несие беруден бас тартуда. Кепілдік мүліктің болмауы, жеке қаражатының және жылжымайтын мүлкінің жеткіліксіздігі банктердің бас тартуына негізгі себептер болып отыр. Осыған байланысты өзін-өзі жұмыспен қамтығандар өз үйлерін немесе жерін кепілге қою арқылы тұтынушылық кредитті үлкен пайызбен алуға мәжбүр болуда.

2. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін жеңілдетілген талаптарды ұлттық жобаларға жеке бөлім ретінде қосуға және өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың мемлекеттік қолдау шараларына қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша Ұлттық экономика министрлігінің ұстанымы қандай? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, жауап беріңіз.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Ерік Хамзаұлы! Бірінші сұрақтан бастайық. Қазіргі таңда ұлттық жобада және басқа мемлекеттік бағдарламада, мысалы, «Бизнестің жол картасы – 2025», «Қарапайым заттар» бағдарламасы шеңберінде бірнеше шара қабылданды. Олардың ішінде жеңілдікті кредиттер, содан кейінгі рәсім – несиелердің бір бөлігін субсидиялау, кепілдік беру, моноқалаларда және кіші қалаларда, ауылдарда гранттарды 5 пайызға беру (жалпы 6 пайызға). Қазір осындай шараларға, осындай кредиттерге және жағдайларға өте үлкен сұраныс бар. Қазіргі таңда бизнесті тіркеу, ашыққа шығу арнайы шаралары қабылданып жатыр, оның ішінде оңайлатылған бизнес режиміне көшу шаралары қабылданып жатыр. Мысалы, қазіргі таңда тіркеу және салықтарды төлеу үшін барлық бизнеске смартфонға көшуге болады.

Екінші мәселеге келсек, қазіргі таңда ұлттық жоба іске асырылып жатыр, бірақта біздің негізгі мақсатымыз – өзін-өзі қамтыған азаматтарды ашыққа немесе бизнес ортаға шығару. Сол себептен бұндай бөлік ұлттық жобада қарастырылмайды, керісінше оны ашыққа шығару керек. Рақмет.

ТӨРАҒА. Тамара Босымбекқызы.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Рақмет.

Ерік Хамзаұлы, өте үлкен мәселені көтердіңіз. Өзіңіз білесіз, өзін-өзі қамтамасыз ететін азаматтар бойынша біздің министрлік те біраз жұмыс атқарып жатыр. Қазір Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес біз Ұлттық экономика министрлігімен, басқа

да министрліктермен бірге үш бағытта жұмысты бастадық. Өздеріңізге белгілі, ең біріншісі платформалық жұмысқа қамту мәселесі, яғни «Yandex», «Global» компаниялары онлайн платформа арқылы жұмысқа тартып жатыр. Біз солардың басшыларымен кездестік, сонда жұмыс істеп жатқан азаматтардың еңбек құқығын қорғау, әлеуметтік құқығын қорғау жөніндегі мәселелерді бастадық. Себебі тек қана біздің еліміз емес, жалпы халықаралық тәжірибеде жұмыс істелініп жатыр. Келісім де басталды.

Заңды түрде Еңбек кодексінде, Әлеуметтік кодексте, Салық кодексінде осы азаматтарды оңтайландырған механизмдер арқылы, Азаматтық кодекстегі публичный договор арқылы жұмысқа тартылған азаматтар ретінде қарап, еңбек құқығын қорғау және әлеуметтік барлық қорлардан қаражат төлеу мәселесін қарастырып жатырмыз.

Үшіншіден, соған қол жеткізу үшін цифрлық технологиялар арқылы олардың регистрация жасауын, қаражат төлеуін оңтайландырған түрде салық төлеу мәселесін қарастырып жатырмыз. Бұл да үлкен жұмыс тобында қарастырылып жатыр. Бұл жөнінде де өздеріңізбен кездескенде жұмыс тобында айтып берерміз деп отырмыз.

ТӨРАҒА. Өте орынды мәселелер.

В целом мы сейчас обсуждаем вопрос создания новых рабочих мест. На днях с Тamarой Босымбековной на эту тему разговаривали.

Сейчас ситуация с той же молодежной безработицей относительно не такая острая ввиду того, что в 90-х годах у нас был демографический провал, были разные проблемы, был кризис, рождалось меньше детей. Но с 2000-х годов ситуация у нас поменялась, сейчас идет рост рождаемости. Например, в ближайшие годы будут выходить на рынок труда ежегодно 300-350 тысяч молодых людей. Дальше эта цифра будет расти, постоянно будем ощущать это давление 20-30 лет. Если, например, в 2003 году родилось 247 тысяч детей, то в прошлом году родилось уже 446 тысяч детей, почти в два раза больше. Через 20 лет они выйдут на рынок труда. Время же быстро идет. Мы же работаем не на сегодняшний день, мы работаем на перспективу. Соответственно, в ближайшие годы мы увидим риск, что больше молодых людей выходит на рынок труда, их нужно обеспечить соответствующей работой. Это одна часть проблемы. Это помимо самозанятых, всех других категорий безработных. Новое поколение растет. То есть дополнительное давление на рынок труда.

Вторая часть проблемы в квалификации этих молодых людей. Есть исследования специалистов стран ОЭСР, которым мы должны доверять, и мы доверяем таким исследованиям, оценки Всемирного Банка, других организаций. Мы видим, что квалификация наших выпускников вузов и колледжей, не говоря о выпускниках школ, достаточно низкая. Они неконкурентоспособны, если открыто говорить, с теми же выпускниками стран ОЭСР. Получается, что молодежь, которая оканчивает вузы, дальше неспособна занимать квалифицированные рабочие места. И куда они пойдут? Они пойдут на базары, на стройки, будут самозанятыми. То есть вопрос в том, что, помимо всего прочего, мы должны повышать квалификацию наших выпускников, наших молодых людей, чтобы они могли, если рабочие места создаются качественные, занимать эти рабочие места и квалифицированно работать. Здесь и одна сторона есть, и вторая сторона есть.

Я думаю, что при планировании, при реализации в предстоящие годы соответствующей трудовой политики и образовательной политики мы должны эти моменты иметь в виду, повышать квалификацию выпускников вузов и колледжей нашей страны, чтобы они занимали достаточно качественные рабочие места, а не пополняли ряды самозанятых. Это моя мысль.

Ералы Лукпанович, Вы хотели что-то прокомментировать? Пожалуйста.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. Жаңа 300 мыңға деп айтқаныңыз өте орынды, биылдың өзінде 240 мыңға жуық азаматтың жаңа нарыққа келіп кіретіні белгілі. Жыл сайын балалардың туу саны көбейіп жатыр, соған байланысты ол солай да болады, 2030 жылға дейін 300 мыңның айналасында болатыны да рас. Сондықтан биылғы нақты мәселенің өзінде 120 мың адам нарықтан шығатынын ескеріп отырмыз (пенсияға шығатындары бар, әртүрлі жағдайларға байланыстысы бар), қалғандарының бәрін нақты жұмысқа тұрғызу шараларын қарастырып отырмыз. Ол бірінші бағыт бойынша.

Екінші бағыт. Жаңа білімге байланысты өте орынды айттыңыз. Бағдарламаның ішіндегі «Мамандығым – болашағым» деген үлкен жобаны Қазақстанда бірінші рет іске асырайын деп отырмыз. Павлодар қаласында апробациясы өткен, оны қазір бүкіл Қазақстан бойынша жүзеге асыратын боламыз. Балалардың 7-сыныптан бастап болашақта мамандығын таңдауға байланысты нақты шаралардың бәрі көрсетіліп отыр. Оның шет жағасын айтып кеттік, онымен Саясат Нұрбек деген азамат айналысып отыр. Бұл жерде Германияның, Сингапурдың, Оңтүстік Кореяның, Ресейдің тәжірибелерін негіздеме ретінде алып отырмыз, болашақта бірге жүзеге асыратын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ералы Лұқпанұлына және Ұлттық экономика министріне бағытталады.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы, халықтың табысын, яғни әл-ауқатын көтеруге байланысты алдағы төрт жылға арналған кешенді жоспарына қатысты 2025 жылдарға дейін қандай бағдарламалар мен іс-шаралар жасалғаны туралы жан-жақты баяндап бердіңіз. Бұған дейінгіден бір айырмашылығы бұнда нақты цифрлар бар және қосымша тәуелсіз сарапшыларды кіргізген екенсіздер және жауапты орындаушыларды нақты кіргізген екенсіздер. Бұл өте құптарлық жағдай, мен толық қолдаймын.

Өкінішке қарай, бұған дейін де Үкімет осындай бірнеше бағдарлама жасады, көшелі іс-шаралар жасады. Мысалы, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы жасалған болатын. Былтыр ол аяқталды. Осыны біз зерттеп қараған кезде бұған бюджеттен миллиардтаған қаржы бөлінді, бірақ осыдан қомақты нәтиже болған жоқ.

Нарық қоғамында тұрақты жұмыс орнын табу өте қиын дүние. Бүкіл дүниежүзінің тәжірибесіне сүйенсек, тұрақты жұмыс орнын табу өте қиын болады. Ең тұрақты жұмыс орны – шағын және орта кәсіпкерлік. Бізде осы саланы қарышты дамытуға толыққанды

мүмкіндік бар. Елге жиі барамыз, халықпен кездесеміз. Мысалы, мен кеше де жеті елді мекенде болдым, барлығы да «шағын бизнеске бізге қаржы керек» дейді. Жаңа менің әріптесім де айтып кетті, банкіден алайын десе пайызы өте жоғары. Осы бағдарлама бойынша микрокредитке біз 2022 жылы небәрі 40 миллиард теңге қаржы бөліп отыр екенбіз. Бүкіл республикаға шаққан кезде ол түк те емес.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы, шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін бизнесі бар, мүмкіндігі бар азаматтардың барлығын алдағы үш-төрт жылдың көлемінде микрокредит арқылы қаржыландырудың көзін табуымыз керек. Онсыз біз шағын кәсіпкерлікті дамыта алмаймыз.

Осыған байланысты сіздің көзқарасыңыз қандай? Бұл бірінші сұрақ.

Екінші сұрақ Ұлттық экономика министрлігіне.

Президенттің тікелей тапсырмасы бар, сол тапсырмаға сәйкес алты айға дейін, яғни шілденің аяғына дейін жанар-жағармай бағасының лимитіне байланысты, коммуналдық қызмет ақысына байланысты, азық-түлікке субсидия беруге байланысты арнайы іс-шара қабылданған. Ол шілде айының аяғында бітеді. Осы біткеннен кейін қалай болады?

Біз оң қолымызбен халықтың табысын арттырамыз дейміз, ал сол қолымызбен... Нарықтың заманында бұл да нарыққа қайшы, бағаларды еркіне жіберсек бұл бағалар көтеріледі, сол кезде қалай болады? Осыған байланысты сіздің көзқарасыңыз қалай?

Екі айдан кейін шілде бітеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ералы Лұқпанұлы.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Көтеріліп отырған мәселе өте маңызды мәселе, күн тәртібінде тұрған мәселе.

Орта және шағын бизнесті қолдаудың бірнеше нақты көздері бар, жаңа шет жағасын айтып кеткенмін. 2,5 пайызбен шағын және орта бизнесті дамытуға байланысты жоба қазір жүзеге асырылып жатыр, әсіресе ауыл шаруашылығын дамытуға байланысты жүзеге асырылған нақты жобалар.

Екіншіден, моноқалаларды, ауылдық елді мекендерді дамытуға байланысты 5 пайызбен беріліп жатқан несиелерді де өздеріңіз жақсы білетін шығарсыздар деп ойлаймын.

Үшіншіден, өнеркәсіпті дамытуға байланысты (өз сөзімде айтып кеттім) 3 пайыз деңгейінде шағын бизнесті дамытуға да мүмкіндік бар. Оған 250 миллиард қаржы бөлінгені жөнінде шет жағасын айтып кеттім, біреуі 3 пайыз, екіншісі 7 пайыз деңгейінде. Сондықтан бұл да қазір елдің нақты мүмкіндіктері деп ойлаймыз.

Төртіншіден, өндірушілердің экспорттауын қаржыландыруға байланысты мемлекет 6 пайыз деңгейінде несие беріп жатыр. Бұл экспорттық бағыттарды қолдауға бағытталған. Жеме-жемге келгенде ондай деңгейде ақша жоқ, бірақ оның бәрін мемлекет субсидия арқылы мойнына алып отырғаны да белгілі.

Өзім аймақта жұмыс жасадым, сенатор Сүйіндік Тасеменұлы осы жерде отыр, кезінде «Нұр капитал» деген жобамен 1 пайызбен несие де бергенбіз. Бүгін бұндай жобалар аймақтардың бәрінде бар, 2 пайыздан 4 пайызға дейін аймақтық бағдарламаның ішінде орта

және шағын бизнесті қолдауға байланысты нақты қабылданған нақты шаралар жүзеге асырылуда. Азаматтарды осындай мүмкіндіктерді пайдалануға шақырамыз.

Жанар-жағармайға байланысты қойған сұрақтарыңыз өте орынды, алты айдың ішінде оның кезеңі өтейін деп жатыр. Жанар-жағармайға байланысты, оның ішінде АИ-92, АИ-93 бар, дизель бар, алты ай өткеннен кейін бұларды ары қарай жалғастыру мәселесін бүгін талқылап жатырмыз, қарастырып жатырмыз. Бұл өте маңызды мәселе екені белгілі.

Ал коммуналдық қызмет ақысына байланысты қойған сұрағыңыз өте орынды, ол жерде осы алты ай өткеннен кейін шектеулі тариф енгізу туралы мәселе де қарастырылып жатыр. Бұл қоғамның қатысуымен, қоғам қайраткерлерімен, азаматтардың қатысуымен аймақтарда нақты талқыланып шешім қабылданатын үлкен мәселенің бірі болады.

Сөз жоқ, бұлардың бәрі азық-түліктің бағасының өсуіне тікелей әсер ететіні де белгілі, дегенмен наурыз-мамыр айларында өткен жылғы қордың төмендегеніне байланысты көтерілетіні де белгілі. Бірақ маусым-шілде айында өзімізде шығатын өнімдердің де көлемі біразға жететіні белгілі, сондықтан бағасын реттеуге мүмкіндік туады деген ойдамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, бірнәрсе қосасыз ба?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Мұрат Бактиярұлы! Ералы Лұқпанұлы бәрін айтып кетті, мен бірнеше цифрды айтайын. Мысалы, қазіргі таңда шағын және орта бизнеске қолдау көрсету үшін тиісті қаражат бөлінеді, ол бюджеттің мүмкіндігінше. Бірақ салыстырып қарағанда субсидиялауға 2021 жылы 86 миллиард теңге бөлінсе, биылға 162 миллиард теңге бөлінді, екі есе көтерілді. Оның ішінде микрокредиттер: былтыр 7 миллиард теңге берілді, биыл 12,5 миллиард теңге берілді. Былтыр 17,8 мың микрокредит болса, биылға 17 мың кредит.

Тарифтер бойынша қазіргі таңда бұл мәселені орталық деңгейде, содан кейін жергілікті атқарушы органдармен жан-жақтан өте мұқият қарастырып жатырмыз. Бірақ әр тариф әр аймақта жеке қарастырылатын болады, ол шектеулі тарифтік саясаттың ішінде қаралады.

Мен айтқандай әр аймақтың тарифы жеке, бірақ ол инфляцияның шеңберінде болу керек. Себебі механизмі сондай, біз жылына бір рет Экономикалық саясат кеңесінде барлық тарифтердің инфляцияға қосатын үлесін нақтылаймыз, оның ішінде сол тарифтердің өсуі болу керек. Оған қоса қаңтар айында инфляцияны сақтаудың және төмендетудің кешенді жоспары қабылданды. Оның негізгі мақсаты азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сол үшін барлық азық-түлік тауарларының түрлерін 100 пайызға көтеру керек (импорт алмастыру). Қаңт бойынша шек бар, себебі бізге 2024 жылға дейін қаңт зауыттарының өндірісін 80 пайызға дейін көтеру керек болады, жалпы негізгі тауарлар бойынша 100 пайызға. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жәргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер, менің сұрағым Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне бағытталады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға, табысын арттыруға, ауыл шаруашылығын дамытуға және жаңа жұмыс орындарын құруға ерекше назар аударып, үнемі айтып келеді. Бұл ретте вертикальді кооперация аясында жеке қосалқы шаруашылықтың әлеуетін пайдалану миллиондаған ауыл тұрғындарына табыс табуға мүмкіндік бере алатынын атап өткен болатын. Алайда жеке қосалқы шаруашылықтар мен шағын шаруашылықтарда өз бизнесін дамыту мақсатында кредит алу үшін бастапқы капиталдың және кепіл мүліктің болмауы, ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының банкроттығы және ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы көлеміндегі ұсақ шаруашылықтардың жоғары үлесі ауылдық жерлерде тұратын азаматтардың өмір сүру сапасы мен табыс көздерінің шектеулілігіне тікелей әсер етуде, ал ол дегеніміз ел халқының 41 пайызы.

Сонымен қатар жайылым жерлердің тапшылығы, жеке және қосалқы шаруашылықтардың басын біріктіретін кооперативтердің дамымай отырғаны да жергілікті тұрғындардың кәсіп ашуына және сапалы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру арқылы табыстарын арттыруға үлкен кедергілер келтіруде.

Осыған байланысты келесі сұрақтарға жауап берсеңіз:

1. Ауылдық жерлерде жеке қосалқы шаруашылықтар мен шағын шаруашылықтарды дамыту мақсатында мемлекет тарапынан қандай қолдау көрсетілуде?
2. Ауыл тұрғындарының жеке малын ұстау үшін жайылым тапшылығын шешу бойынша қандай нақты шаралар қабылданады?
3. Ауылдық жерлерде жеке және шағын шаруа қожалықтары кооперациясының дамуына кедергі болып отырған мәселелерді шешуге бағытталған қандай іс-шаралар жүргізілуде? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Бағлан Әбдәшімұлы Бекбауов, жауап беріңіз.

БЕКБАУОВ Б.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Жанболат Әкебайұлы! Көтеріліп отырған сұрақ өте маңызды, біздің министрлік, өңірлер біраз жұмыс атқарды.

Қазіргі уақытта жеке қосалқы шаруашылықтар жеке тұлға ретінде мемлекеттік қолдауға үміткер бола алмайды. Біріншіден, ауыл шаруашылығына арналған жерлерде жұмыс істемей, елді мекендегі жерлерде жұмыс істейді. Екіншіден, олардың деңгейіне келсек, олар ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруші болып табылмайды. Сондықтан бұл жерде заңға сай жеке қосалқы шаруашылықтардың кооперативтерге ұйымдасуға мүмкіншіліктері бар. Одан бөлек бар кооперативтерге қосылып, ары қарай басқа ауыл шаруашылығы тауар өнімдерін өндірушілермен қатар солармен бірдей құқықта мемлекеттік субсидияларға қол жеткізуге мүмкіншіліктері бар. Ондай тәжірибелер біздің елде біраз бой алған, оларды біз көріп отырмыз. Алдында біз қарастырған кезде осындай жеке шаруашылықтар біраз сұрақ көтеріп, кооперативке қосылған кезде олар бөлек фермер

ретінде өздеріне ауыл шаруашылығы жерлерін алып, одан бөлек инвестициялық субсидия алып жатыр. Сосын әр литрге берілетін субсидиясы бар, одан бөлек сүтті бағыттағы мал сатып алуға субсидия, сонымен қатар салықтың оңайлатылған жүйесіне өтіп жатыр.

Бұл жерде айтатынымыз, осы қосалқы шаруашылықтар бойынша олар кооперативке бірігіп, жұмыс істеп, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мемлекеттік субсидияларына қол жеткізе алады.

Екінші сұрақ жайылымдық жер жөнінде. Өкінішке қарай, бізде жайылымдық жер бойынша біраз жетіспеушілік бар. 2021 жылы анықталған кезде оның көлемі 21 миллион гектарға жеткен. Қазіргі таңда осы 21 миллионның 14,2 миллионы тапшылыққа сай болып тұр, 6,8 миллион гектар жер алдыңғы жылы өңірлік әкімшіліктермен тікелей жұмыс істеле отырып жайылымдық жер ретінде берілген болатын. Сонымен қатар үлкен мәселе тудыратын ауыл шаруашылығы жерлерін игеру мәселесі. Ол бойынша қазір цифрлық технологияны қолдана отырып космомониторинг, цифрлық мониторинг арқылы біраз игерілмеген жерді анықтадық. Соңғы үш жылдың көлемінде 8,1 миллион гектар бос жатыр, пайдаланылмай жатыр деген заңды түрде дәлел болған, қазір осы жерлерден 3,4 миллион гектар жерді алдыңғы иелері қайта өндіруге міндеттеме беріп өндіре бастады. Ол біздің бақылауымызда. 2,1 миллион гектар мемлекеттік меншікке қайтарылды, 2,6 миллион гектар бойынша қазір сотқа дейінгі біраз іс-шара жүргізіліп, оларды мемлекетке қайтару бойынша жұмыстар атқарылуда.

Негізі үшінші сұрақ бойынша кооперативтердің мәселелері туындап жатқан, олардың барлығына біз заң бойынша Жер кодексіне өзгерістер енгізіп жатырмыз. Сол өзгерістерге байланысты әр бөлінген жер, егер жеке қосалқы шаруашылықтар оған кіретін болса, олардың құқықтары осы ауыл шаруашылық тауар өндірістерімен бірдей болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ералы Лұқпанұлына.

Үкімет халықтың табысын арттырудың жаңа бағдарламасын қабылдап отыр. Негізгі мақсат – бағдарламаның тиімді жүзеге асып, халықтың өмір сүру сапасына айтарлықтай оң әсерін қамтамасыз ету. Бұған дейін де қабылданған индустриялық-инновациялық даму бағдарламаларына қыруар қаржы жұмсалып, біраз өндіріс орындары салынған болатын. Соңғы 10 жылда ресми ақпарат бойынша 1527 жоба қолға алынып, 9,1 триллион теңге жұмсалды. Алайда сол ашылған өндіріс орындарының бүгінде толық жұмыс істеп тұрғаны шамалы. Осы жобалардың бәрі жүзеге асқанда экономикамыздың қуаты біраз артқан болар еді. Бірақ оның көбі жол ортаға жетпей тоқтап қалған.

Соңғы 10 жылда индустриялық-инновациялық дамыту бағдарламалары шеңберінде барлығы 212 мың жұмыс орны ашылған, ал жаңа бағдарлама аясында алдағы 3 жылда 2 миллион адамды жұмысқа орналастыру қаншалықты мүмкін? Оның ішінде 32 пайызы ғана тұрақты жұмыс орындары болатын болса, халықтың әл-ауқатын, табысын арттырудың тиімділігі біз күткендей нәтиже береді ме?

Сонымен бірге қосымша жұмыс орнын ашуда жеке бизнес секторының үлесі қандай? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ералы Лұқпанұлы, жауап беріңіз.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Бұл мәселені көтергеніңіз өте орынды. 10 жылдың ішіндегі деректер, ол кезіндегі ГПИИР ғой, сол бағдарламаның айналасында жүзеге асқан нақты проектінің бәрін қарап шыққанбыз. Біздің нақты деректер бойынша ол жерде 1671 проект жүзеге асқан, 152 мың адам жұмысқа тұрғаны нақты анықталып отыр. Дегенмен сіз айтқандай ол жерде мәселе де жоқ емес, жүзеге аспай қалған жобалар да бар, мендегі нақты деректер бойынша алты жоба көлемінде. Оның үшеуін министрлік жүзеге асыру мүмкіндігін бүгін растап отыр. Оны уақыт көрсетеді.

Ал енді бүгінгі бағдарламаға байланысты қойып отырған сұрағыңыз өте орынды, 2 миллион жұмыс орнын қамту да оңай емес екені белгілі. Жаңа өзімнің сөйлеген сөзімде шет жағасын айтып кеттім. Мысалы, инфрақұрылымның айналасында 600-ге жуық, тау-кен бағыты бойынша 960 мың жұмыс орындары туралы айтып кеттік, ауыл шаруашылығы 460 мың. Мен әрбір министрліктің беріп жатқан нақты көрсеткіштерінің негізгі дерегін алып отырмын.

Жүзеге асыру оңай болмайды, бірақ бұл жерде бізде мүмкіндіктер де аз емес. Бұның ішінде креативтік индустрия жаңадан көтеріліп жатқан бағыттардың бірі, оған байланысты туризм саласы. Оны да нақтылайтын мүмкіндіктер бар. Сонымен қатар Жамбыл облысында бір үлкен жоба бар, оны да болашақта жүзеге асыратын нақты мүмкіндіктер бар. Сондықтан жобаның ішінде әлі де ескерілмеген үлкен мәселелерді негіздемеге алып отырмыз, ол туралы Ұлттық экономика министріне нақты тапсырма берілді, жүзеге асыру жолдарын қарастырып отырмыз.

Тұрақты экономиканың дамуы туралы ұлттық жобаның ішінде тұр. Бүкіл бағдарламаның ішінде ол ұлттық жобаның бәрін біз бөлек-бөлек жазып көрсете алған жоқпыз. Бірақ жалпы көрсеткіштің ішінде экономиканың дамуы, нақты жұмыс орындарын құруға байланысты, елдің әл-ауқатын көтеруге байланысты бәрін ескеретін боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Тамара Босымбекқызы.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Мен қосымша айтайын, 2 миллион жұмыс орны жөнінде Ералы Лұқпанұлы айтып өтті, сондықтан біз биылғы жылы осы мамыр айында барлық облыс әкімдерімен әрбір ұлттық жоба бойынша қарап шықтық. Бүгінгі таңда электрондық биржаға 1362 компанияның 3062 пилотын ілдік, 120 мың жұмыс орнын ашу жөнінде 25 мамырдан бастап олар электрондық биржаға жариялайды, яғни бұл жұмыс орындары тек қана жергілікті жердегі азаматтар ғана емес, бүкіл қазақстандықтарға қолжетімді болады, қалған азаматтар сол жерде жұмыс істейтін болады.

Екіншіден, жаңа тұрақты жұмыс орны жөнінде айттыңыз, алдыңғы кездесуде де депутаттар біраз сын айтқан еді. Біз 1 маусымнан бастап жастар практикасын әлеуметтік

орындар, қоғамдық орындар бойынша тоқтаттық, мемлекеттік мекемелерге азайттық. Ал барған жерлерінде 58 пайыз тұрақты жұмысқа қалдыру мәселесі жөнінде критерий қойдық. Бұл да 1 маусымнан бастап басталады.

ТӨРАҒА. Өте дұрыс көтеріліп жатқан мәселе деп есептеймін. Өйткені бұған дейін әртүрлі бағдарламалардың аясында қанша жұмыс орындары ашылғанын білеміз, енді осы бағдарламаның аясында 2 миллион жұмыс орнын үш жылда ашамыз деп отырсыздар. Өте үлкен мақсат, соған жетеміз деп сенеміз, тілектеспіз.

Ералы Лұқпанұлы, сонымен қатар бір-екі мәселеге мен де сіздің және әріптестеріңіздің көңілін аударсам ба деп едім.

Возьмем нефтегазовый сектор, создание качественных рабочих мест. Качественные рабочие места не появляются из воздуха, надо от чего-то оттолкнуться, привязаться к чему-то.

Флагман нашей экономики – это нефтегазовый сектор. Надо к нему привязаться и от него исходить, создавая рабочие места.

Сколько лет мы говорим о том, что нужно развивать локальное производство по выпуску продукции для нефтегазового сектора. Речь не идет о табуретках, столах и так далее, речь идет о серьезном оборудовании для нефтегазового сектора.

Сегодня все оборудование закупается за рубежом в основном. Да, какая-то локализация идет, но это, видимо, несложные продукты, услуги, которые частично приобретаются на месте. Но в основном все сложные вещи закупаются за рубежом.

Вопрос в том, что если бы мы 30 лет не просто продавали нашу нефть, а работали бы с крупными нефтегазовыми компаниями, которые осваивают Шеврон, Кашаган, Тенгиз, чтобы они локализовывали производство совместно с теми партнерами, которые им поставляют эту продукцию, чтобы здесь с ними создавали СП и производили оборудование для этих предприятий, для наших крупных нефтегазовых компаний, то за 30 лет мы бы создали полноценное нефтегазовое машиностроение здесь. Но этого нет. Ладно, перевернем страницу. Но сейчас тоже еще не поздно менять ситуацию. Еще есть нефть, еще есть попутный газ, еще, видимо, десятилетия они будут работать. Поэтому сейчас надо заниматься именно нефтегазовым машиностроением, а не просто столы, стулья, ручки им поставлять.

В этой связи создали Международный центр развития нефтегазового машиностроения. Вы в своем докладе о нем говорили. Полтора года назад, я помню, протрубили, что создали такой центр. Полтора года прошло, пока все на уровне презентации. Учредителями этого международного центра являются компании, которые работают на Тенгизе, Карачаганаке и Кашагане. И что за полтора года сделано? Несколько компаний назвали, что они будут выпускать продукцию. Посмотрим, будут ли они выпускать продукцию. Но речь должна идти о десятках проектов в Казахстане, о каком-то сложном оборудовании, именно о совместных предприятиях с теми поставщиками, которые уже им поставляют эту продукцию. Вот здесь появляются качественные рабочие места. Вот здесь можно в дальнейшем формировать квалифицированную рабочую силу. То есть это уже не будет кампанейщина, это уже будет конкретная работа.

Конечно, отрасль огромная, закупки огромные, на миллионы долларов закупается оборудование. В этой связи мы должны серьезно заняться тем, чтобы Международный центр развития нефтегазового машиностроения заработал, другие аналогичные проекты заработали, чтобы наши инвесторы ответственнее относились к созданию СП в данном направлении. Нужно с ними тоже работать.

Насколько я знаю, контракты о разделе продукции имеют пункты, касающиеся такого рода деятельности, поэтому мы здесь не нарушаем контрактов с нашими инвесторами.

Я думаю, что это вопросы в целом Правительства, Министерства энергетики, Министерства национальной экономики и других структур. Я думаю, что мы возьмем эти вопросы на контроль, чтобы это был предметный разговор. И через какое-то время вернемся к промежуточным итогам того, что сделано по этому вопросу, рассмотрим его отдельно. Рақмет.

По этому вопросу хочет прокомментировать руководитель проекта «Ауыл аманаты» Жумагазиев Эльдар Тынышбаевич. Пожалуйста.

ЖҰМАҒАЗИЕВ Э.Т. Мәулен Сағатханұлы, құрметті сенаторлар! Ауылдағы несие көлемінің жетпейтіні жөнінде, пайыздық көлемінің жоғары екені жөнінде және кепілдік мәселесін бірнеше депутат айтып өтті. Соған байланысты мен «Ауыл аманаты» жобасында болатын өзгерістер туралы қысқаша тоқталып кетейін.

Құрметті сенаторлар, Жамбыл облысының тәжірибесі бойынша СПК-ны қаржылық агент қылып, поверенный агент статусын беріп, 2,5 пайызбен несие берілді. Осы тәжірибені барлық өңірлерде пайдаланғымыз келіп тұр. Себебі 2,5 пайыздың деңгейі менің ойымша халыққа көтерімді болатын сияқты, одан төмен пайыздық несие жок.

Қосымша қаржылық агент ретінде СПК ауылдағы халықтың үйін, басқа да мүлкін 0,8 коэффициентпен қабылдайды. Өздеріңіз білесіздер, банк 0,4-0,3 коэффициентпен қабылдайды. Сондықтан бұл да үлкен жеңілдік қой деп есептеймін. Мысалы, миллион теңгеге бағаласа, 800 мың теңге несие беруге мүмкіндік бар. Ол да үлкен көмек қой деп есептеймін.

Енді бұның механизмі бойынша бюджеттен 0,1 пайызбен қаражат алынады да, халыққа 2,5 пайызбен беріледі. Бұл қайтып келетін несиенің түрі.

Сенаторлар көтеріп отырған тағы бір үлкен мәселе, бұл қаржы көлемінің жеткіліксіздігі. Өйткені елімізде 2400 ауылдық округ бар деп отырмыз, оның бәріне Ұлттық экономика министрі айтқан 12,5 миллиард теңге, 7 миллиард теңге жетпейді, ол түсінікті. Сондықтан осы бағдарламаға байланысты «Amanat» партиясының жанынан жобалық офис құрып, қанша қаражат керек екені есептеліп шығарылады. Қосымша банктермен де сөйлесіп жатырмыз, оларда жаңа скоррингтік жүйе болса, халықты оқытатын болсаңыздар, қосымша олар да көмек қолын созуға дайын.

Ауыл шаруашылығы министрі өкілінің жеке қосалқы шаруашылықтарға байланысты айтқанына тағы тоқтағым келеді. Ол кісінің түйіндеп айтып жатқан сөзі, олар кооперацияға бірігіп құрылатын болса Ауыл шаруашылығы министрлігі оларға көмек қолын созуға дайын дейтін пайымды айтты. Ол да дұрыс болар, министрліктің негізгі құзыреті сол.

Сенаторларға ақпарат ретінде айтайын, енді осы жобалық офистің негізінде, «Ауыл аманаты» жобасының негізінде осы бір деңгейге жеткізуге жеке қосалқы шаруашылықтарға көмек қолын созатын боламыз. Олар бірінші скрининг, ауылдағы әрбір отбасының табыс деңгейі қандай, неге байланысты табыс көзін дамытып отыр, қосымша қандай көмек керек, оқыту керек болатын болса мүмкіндік жасап оқытатын мәселенің бәрін кооперация құру деңгейіне дейін жеткізуге тырысамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Эльдар Тынышбайұлы.

Құрметті әріптестер, сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тоғжанов Ералы Лұқпанұлына.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы! В ходе рабочей поездки членов Комитета по финансам и бюджету в Жамбылскую область 13 мая 2022 года мы ознакомились с работой сельскохозяйственного производственного кооператива «Костобе-2019» в селе Талас Байзакского района.

Данный кооператив стартовал в 2019 году в рамках пилотного проекта «Повышение доходов населения Жамбылской области» и на сегодняшний день занимается сельским хозяйством.

На финансирование данного пилотного проекта в 2019 году из республиканского бюджета выделено 7,2 миллиарда тенге, из местного бюджета – 2 миллиарда тенге. Кредит получили 2478 жителей из 11 сельских округов. В этих селах создано 589 новых рабочих мест, количество безработных сократилось на 36 процентов.

Кроме того, как один из критериев эффективности этого пилота – количество получателей адресной социальной помощи уменьшилось на 1058 человек, почти 2300 самозанятых и безработных зарегистрированы в качестве индивидуальных предпринимателей.

Средний доход сельского населения вырос в 1,7 раза (с 44 тысяч тенге до 73 тысяч тенге).

Как видите, пилотный проект полностью себя оправдывает, также имеет высокий уровень отдачи. В этой связи вопрос: если есть эффективность проекта, почему такой проект и в последующие годы не продолжает финансироваться?

Кроме того, этот проект можно было распространить и на другие регионы. Рассматривается ли этот вопрос и для других областей? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ералы Лұқпанұлы, сөз сізде.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. Сұрағыңызға рақмет.

Уважаемый Маулен Сағатханович, уважаемые депутаты! Я абсолютно согласен с постановкой данного вопроса. Лично сам выезжал для изучения этого проекта. Более того,

по просьбе отдельных регионов мы собрали в этом регионе Таласский район, Байзакский район, конкретно «Костобе».

Пилотный проект апробацию прошел, он реализован. Результаты налицо. Вы сказали, что средний доход вырос в 1,7 раза. По последним данным, на сегодня средний доход вырос в четыре раза. Я думаю, это очень серьезный результат. Снижение получателей АСП на уровне 68 процентов. То есть государство в течение одного года сэкономило фактически 1 миллиард тенге. Это говорит уже о серьезных вещах.

Более того, созданы кооперативы, куда входят личные подсобные хозяйства каждого населенного пункта. Сегодня они уже имеют определенные льготы, возможности. Кооператив имеет возможность субсидирования закупа специальной сельхозтехники. Возможности хорошие. Я этим вопросом занимаюсь более трех месяцев. И полное понимание поддержки данного вопроса у Правительства имеется.

Более того, этот вопрос сегодня мы проговорили в Администрации Президента, тоже понимание есть. С учетом того, что все регионы сегодня заинтересованы, есть конкретное видение по масштабированию данного проекта по всему Казахстану. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Жаңа Қазақстанның бір кепілі, бұл формализмнен бас тарту. Жақсыны асырып, жаманды жасырып деген позициямен Президент қойып отырған бүгінгі мәселелерді де, халық талап етіп отырған мәселелерді де шешу мүмкін емес. Оны бәріміз түсінеміз деп ойлаймын.

Ералы Лұқпанұлы өзінің баяндамасында нақты шаралар туралы айтты, содан кейін менің бір риза болып отырғаным, іскер, халыққа жанашырлық позициясындағы азаматтардың жобаларды басқаратынына үміт үлкен және біз де қолдауға даярмыз.

Менің сұрағым министрлерге – Әлібек Сәкенұлына және Тамара Босымбекқызына.

Жұмыссыздық деңгейі турасында 4,9, пандемия кезінде де осы цифр өзгерген жоқ, соңғы үш жылда да 2 миллионға тарта адам жұмысқа орналасты деген мәлімет бізде бар, көпшілігі уақытша жұмыс. Ол туралы Сенатта да көптеген баяндама жасалды, қаражат та бөлінді.

Қаңтар қасіреті жұмыссыздықтың көлемін көрсетті. Қанша айтсақ та нәтиже қазір көрініп тұрған жоқ. Сондықтан да жұмыссыздар саны нақтылана ма? Қайтадан есептейсіздер ме?

Қазіргі ұсынылған жоба бойынша да екі-үш айдан кейін азаматтар жұмыссыздардың қатарын қайта толтыратын сияқты. Өйткені ылғи уақытша жұмыс.

Қазір мына жаңа жобада бұрынғы тәжірибеден айырмашылық қандай болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, жауап беріңіз. Содан кейін Тамара Босымбекқызы жауап береді.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Рұқсат болса, Тамара Босымбекқызына сөз берейін.

ТӨРАҒА. Тамара Босымбекқызы.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Өздеріңізге белгілі, бүгінгі таңда жұмыссыздық деңгейін Статистика бюросы анықтайды. Олар Халықаралық еңбек ұйымының негізінде 4,9 деп белгіліп отыр. Егер азаматтар үш айдан бері жұмыс іздеп жатқан болса, болмаса келіп Жұмыспен қамту орталығына тіркелсе соның есебін ғана алады. Жалпы 2,1 миллион біздің өзін-өзі қамтамасыз еткен азаматтардың арасында, жаңа айтылған платформалық жұмысқа қамтылған азаматтардың арасында қаншасы жұмыс істеп жүргенін, қаншасы жұмыс істемей жүргендігі бойынша ақпарат әлі толық емес. Ол жөнінде статистика да білмейді. Мен жаңа әдейілеп айтып кеттім, біз бұл жұмысты қолға алдық, яғни бірінші өзін-өзі қамтамасыз еткен азаматтардың арасында жұмыс істеп жүргені белгілі. Жамбыл облысындағы тәжірибе сол ғой. Азаматтардың көпшілігі өзін-өзі жұмыспен қамтиды, бірақ ол жөнінде ешқандай еш жерде тіркеуге тұрмаған. Сондықтан да бүгін Ұлттық экономика министрлігі айтқан оңтайландырған салық мәселесі, оңтайландырған еңбек құқықтарын қорғау мәселесі және сол азаматтарды әлеуметтік қорғау мәселесінің бәрін оңтайландырып жасайтын болсақ, онда азаматтардың қайсысы жұмыс істейтінін, қайсысы жұмыс істемейтінін анық білуге болады. Сондықтан да бұл жөнінде жалпы жаңа көзқарас та, жаңа жұмыс та басталады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз Әділбеков Дәурен Зекенұлына беріледі.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Құрметті әріптестер, мен жалпы осы бағдарламаны қолдаймын, бірақ бір-екі мәселені анықтауға рұқсат етіңіздер.

В справке, которую нам дали по программе, обратите внимание на первую страницу: «Реализация программы позволит создать более 2 миллионов рабочих мест».

Следующий абзац: «Также это снизит уровень безработицы до 4,7 процента с 5 процентов». Написано некорректно. Вчера коллеги комментировали, что у нас 2 миллиона самозанятых, и если мы 2 миллиона рабочих мест создадим, то у нас не должно быть безработицы.

Я частично ответ нашел, это слайд № 21. 2 миллиона 48 рабочих мест, из них постоянных 663 тысячи. Это тоже немалая цифра. Это хороший показатель. Здесь надо написать так, чтобы все поняли, что такое 2 миллиона и почему останется 4,7 процента безработных. А то комментарии разные, не самые лучшие, хотелось, чтобы вы это учли.

Далее: «В рамках реализации программы будет повышена заработная плата более 3,8 миллиона работников». Эта цифра тоже впечатляет. Приведение в абсолютных цифрах. Надо итог подвести в процентах или в абсолютных цифрах, что это позволит увеличить доходы населения. Это будет достаточно убедительно.

663 тысячи рабочих мест. Насколько это позволит увеличить доходы населения в процентах или в абсолютных цифрах. В слайде № 18 лучше расписать регионы, постоянные

рабочие места. Если мы будем с ними встречаться и общаться, чтобы понимали, сколько постоянных рабочих мест, сколько временных рабочих мест должны создать.

По Министерству сельского хозяйства касательно импортозамещения. Если мы производим товары, это не значит, что мы будем импортнезависимыми. Вчера я был на птицефабрике...

ТӨРАҒА. Даурен Зекенович, извините, это вопрос или комментарий?

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Это вопрос. Пусть ответят, как они будут излагать то, о чем я сказал.

ТӨРАҒА. Сформулируйте вопрос.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Допустим, птицефабрика. Производство кормов сильно импортозависимое от всяких ингредиентов, составляющих, комплектующих.

Вы приведете цифры или сейчас ответите, насколько мы импортозависимые от всяких составляющих, как мы это закрывать будем? Напишите, что шесть товаров будем производить, а потом вторым этапом будем решать вопрос по импортнезависимости.

Последний вопрос. Будет привлечено 650 миллиардов тенге. Объясните, откуда эти деньги? Мы два года задаем вопрос Национальному Банку, почему не кредитуют экономику, а здесь 650 миллиардов тенге инвестиций. Откуда эти объемы?

ТӨРАҒА. Рақмет.

Пожалуйста, Ералы Лукпанович.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. В отношении 2 миллионов. Даурен Зекенович, я уже раскладку давал по отраслям. Там есть инфраструктурное развитие, промышленный сектор, сельское хозяйство, туризм. Это те направления, по которым детально расписано и согласовано со всеми министерствами. Кроме этого, по крупным проектам, которые проходят реализацию в наших регионах, это уже идет за подписью акимов, заверение по всем направлениям на количество рабочих мест.

Есть вопросы, они будут возникать в этом направлении. Мы имеем в виду учет тех направлений, которые сегодня дополнительно внедряются, начиная с креативной индустрии.

Я абсолютно уверен, что проект по сельскому хозяйству в Жамбылской области мы будем масштабировать на одном уровне. Только трудоустройство составило на уровне 3 тысяч людей в 11 населенных пунктах. Поэтому по масштабу по Казахстану будут совсем другие показатели. Поэтому в этом направлении вопрос на особом контроле.

Второе. По самозанятым вопрос несколько раз поднимался. Задача поставлена на сегодняшний день такая. Уже отвечали по легализации, отдельно по «Яндекс». Таких несколько проектов, по которым пойдет легализация. Мы все прекрасно понимаем, что не все люди, которые включены в состав самозанятых, являются малообеспеченными, есть серьезный круг людей, которые имеют достаточно серьезные доходы.

По «Яндексу» средняя зарплата составляет на сегодняшний день от 250 до 350 тысяч тенге. Для того чтобы обеспечить в последующем пенсионные накопления, мы хотим эти направления сегодня легализовать.

По постоянным рабочим местам на прошлой неделе я говорил, что вопрос непростой, постоянные рабочие места создавать... Есть определенные направления – государственная служба, квазигосударственный сектор. Кроме того, мы можем гарантированно обеспечить постоянные рабочие места по созданию малого и среднего бизнеса. Все остальные проекты имеют начало и конец. Я уже приводил пример. Поэтому вопрос непростой, в один день он не решится.

Что касается импортозамещения по сельскому хозяйству. Это подтвержденные данные Министром сельского хозяйства. К 2025 году конкретно поставлена задача по обеспечению стопроцентного решения по импортозамещению сельскохозяйственной продукцией, за исключением сахара. Сахар идет на уровне 80 процентов.

Конечно, есть определенные сомнения, но механизм контроля и реализации будет на особом контроле. Каждый должен отвечать за те цифры, которые приводит, в том числе и каждое министерство. Я думаю, что Министерство национальной экономики тоже принимало участие в формировании этих данных. Поэтому мы это будем решать.

Қалған сұрақтарды бірге талқылаймыз. Ол оңай бағдарлама емес, оның мәселесі де жетеді, бірге ақылдасып, бірге талқылау керек. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әлібек Сәкенұлы, инвестициялар қайдан келеді, қайдан тартасыздар, сол жөнінде бірауыз айтып кетсеңіз.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Инвестициялар жалпы республикалық бюджеттен, жергілікті бюджеттен келеді, содан кейін жеке инвестициялар болады, оның үлкен бөлігі жеке инвестициялар. Жалпы кредиттер болады. Ол жалпы тек қана бір көзден емес, бірақ бірнеше көзден, бірнеше инвестор болу керек. Себебі көбінесе ол шағын және орта бизнеске арналған бағдарлама ғой, ал ол бизнесті қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерден қаражат келу керек.

Тағы бір бөлігі республикалық бюджеттен, бірақ тікелей емес, ол біздің даму институттары арқылы, мысалы, «Бәйтерек» басқарушы холдингінің ішіндегі Даму қорынан. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Дәурен Зекенұлы, сіз нақтылайсыз ба әлде комментарий ма? Егер комментарий болса, онда сұрақтардан кейін айтыңыз.

ӘДІЛБЕКОВ Д.З. Сұрақты дұрыс түсінбеген сияқты, соны анықтайын деп едім.

Тамара Босымбекқызы, сіз менің сұрағымды түсінген шығарсыз, 2 миллион мен 4,7 пайызды сәйкестендіру керек болды.

ТӨРАҒА. Тамара Босымбекқызы.

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. Сұрағыңызды түсіндім. Рақмет.

Когда я отвечала, Ляззат Жанылысовна сказала, что у нас есть Международная организация труда, есть международная методика, на которой основывается Бюро национальной статистики.

Здесь есть издержки нашей экономики. В мире, когда они считают такой уровень, исходя из этой практики, все самозанятые зарегистрированы. У нас среди самозанятых очень большое количество незарегистрированных. Поэтому насколько это количество влияет на уровень нашей безработицы – это открытый вопрос, над которым мы сейчас будем работать.

Когда мы говорим 7,1 процента или 7,9 процента, нам нужно понимать одну вещь, что численность работающих или безработных – это не абсолютное число. У нас же идет оборот движения рабочей силы. Вы сказали, Маулен Сагатханович, что в течение трех лет 1 миллион молодых людей войдет в рынок труда плюс к тому, что у нас есть. Если исходить из количества 4,7 процента, это не 470 тысяч, а намного большее количество людей.

Давайте мы в рабочем порядке покажем движение рабочей силы.

ТӨРАҒА. Хорошо в рабочем порядке тогда всю необходимую информацию предоставьте.

Құрметті әріптестер, сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Рақмет.

У меня вопросы к Министерству индустрии и инфраструктурного развития, Министерству энергетики и Министерству национальной экономики.

Я в целом поддерживаю те ориентиры, которые заданы в этом плане. Наряду с этим у меня есть два вопроса. Если основной момент реализации этого плана – это реализация инвестиционных проектов, то это локализация основных комплектующих реализуемых проектов, создание новых производств малого и среднего бизнеса.

Эти моменты полностью не могли решить вопросы при разработке и принятии Закона «О промышленной политике».

Повторяю, эти основные два вопроса адресованы Министерству национальной экономики, Министерству энергетики и Министерству индустрии и инфраструктурного развития.

Основа вопроса – доступность обеспечения сырьем и энергоресурсами. Как это будет решаться?

Второй вопрос. Большая работа по пересмотру нормативной базы по внедрению новых технологий, нового оборудования, строительства, дальнейшей эксплуатации. Эти основополагающие моменты, которые мы должны решить. К нам должен прийти инвестор с новой технологией, мы должны работать по мировым стандартам.

Я хотел бы услышать, как будут решаться эти вопросы. Спасибо.

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, қысқаша жауап берсеңіздер.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Рақмет.

Уважаемый Маулен Сагатханович, уважаемый Сагындык Есенғалиевич! Действительно, вопросы очень актуальные. Все основные направления прописаны в национальных проектах, в системе государственного планирования.

Если говорить о технологическом оборудовании, то в основном его используют крупные компании. Мы планируем привлекать еще больше инвестиций. Учитывая текущую геополитическую ситуацию, мы открыты в первую очередь для транснациональных компаний, а также для других компаний, которые могут здесь обосноваться и привести не только инвестиции, но и компетенции, и экспертизу, где-то и специалистов, плюс проводить локализацию по местным кадрам. Этот вопрос есть. Возможно, вопрос по завозу технологического оборудования будет рассматриваться в индивидуальном порядке, если оно здесь не производится либо крайне необходимо.

По развитию малого и среднего бизнеса. У Вас был вопрос об обеспечении сырьевыми ресурсами. Так как у нас в достаточной мере имеются сырьевые ресурсы, несмотря на то, что мы проводим политику диверсификации, сырьевые ресурсы – это то, что нам дано, мы должны использовать это конкурентное преимущество как на производстве, так и самим перерабатывать эти сырьевые ресурсы.

Заинтересованность международных инвесторов в Казахстане очень большая не только в крупных производствах, у них также есть свои идеи. Они знают, что у нас стоит задача – вокруг крупных производств развивать малый и средний бизнес.

Сейчас мы идем более опережающими темпами по развитию малого и среднего бизнеса, достигли почти 35 процентов производства малого и среднего бизнеса к ВВП, хотя этот показатель у нас стоит к 2035 году. Уже 3,5 миллиона человек работают. Сейчас огромный потенциал вывести из тени отдельных самозанятых и дать им возможность, дать им удочку, чтобы они развивали свой бизнес. Только за счет создания этих определенных условий уже бизнес закрывает часть социальных вопросов. Спасибо.

ТӨРАҒА. Мағауов Әсет Маратұлы, жауап беріңіз.

МАҒАУОВ Ә.М. В отношении обеспечения сырьем. Действительно, каждый инвестор такой вопрос ставит с точки зрения нефти и газа. В нашем законодательстве прописаны предпочтительные условия по обеспечению газом, по обеспечению сжиженным газом, что они должны обеспечиваться по сниженной стоимости.

Кроме того, в рамках крупных проектов есть обязательство «Тенгизшевройла» по обеспечению этаном, пропаном. В рамках него реализован проект по нефтехимии, ведутся переговоры по реализации полиэтиленового завода. То есть «Тенгизшевройл» со своей стороны приемлемые условия для инвесторов выставляет по обеспечению сырьем.

Касательно обеспечения энергоресурсами. Здесь вопрос глобальный не только для инвестпроектов, но и в целом энергообеспечения всей экономики. В прошлом году, как вы знаете, когда потребление электроэнергии в рамках майнинга резко выросло, пришлось вводить ограничения. Сейчас этот вопрос решается через дальнейшее развитие рынка энергетической мощности, то есть проводится анализ баланса электроэнергии. И по энергодефицитным районам организуются торги на строительство новых мощностей. Инвесторы, которые занимаются генерацией, должны предложить свои условия, свои тарифы по производству электроэнергии. Мы через это будем решать.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Қарабаев Марат Кәрімжанұлы, жауап беріңіз.

ҚАРАБАЕВ М.К. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Сағындық Есенғалиұлы, былтыр «Өнеркәсіптік саясат туралы» Заң шеңберінде шикізатпен қамтамасыз ету мәселесі толыққанды шешілді.

Атап айтқанда, по линии нашего министерства был сделан упор по трем базовым металлам – алюминий, свинец и медь. Данным законопроектом было предусмотрено подписание трехстороннего соглашения между металлургами, переработчиками и министерством.

Этот механизм уже заработал, и на сегодня переработчики получают алюминий в полном объеме по стоимости минус 5 процентов, ниже, чем на Лондонской бирже. По меди также минус 5 процентов, по свинцу минус 2 процента.

В результате переработчики алюминия, меди и свинца полностью обеспечены сырьем. По меди объем увеличился, если ежегодно получали примерно 8 тысяч тонн, сейчас получают до 38 тысяч тонн, по алюминию – от 38 тысяч до 73 тысяч тонн, по меди – от 20 тысяч до 40 тысяч тонн.

Более того, мы ужесточаем данную норму, делаем обязательной для металлургических предприятий, прорабатываем возможность отзыва лицензии в случае непредоставления базовых металлов внутри страны.

Что касается обеспечения энергоресурсами. Сегодня были упомянуты 717 проектов, их общая потребность в энергоресурсах составляет 2700 мегаватт. Мы эту информацию по годам представили Министерству энергетики и вместе отработываем по мощностям в разрезе регионов Казахстана.

Если речь пойдет о строительстве второго электролизного завода и нового медеплавильного, то потребуется еще 1500 мегаватт по электролизному и по медеконцентратному общей мощности 1900 мегаватт. Этот вопрос совместно отработаем с Министерством энергетики.

По электролизному и по медеплавильному заводам очень актуальный вопрос, что эти источники электричества должны быть уже чистыми, с учетом того, что с 2025 года в европейских странах вводится трансграничный налог, то есть здесь электричество должно быть из возобновляемых источников энергии. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.
Депутат Сағындық Есенғалиұлы.

ЛУҚПАНОВ С.Е. Не услышал о нормативной базе...

ТӨРАҒА. Ералы Лұқпанұлы, рұқсат болса министрліктер бұл нормативтік базаға байланысты Сағындық Есенғалиұлына жазбаша түрде түсінікті ақпарат берсін.
Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ. Енді талқылауға көшейік.
Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Вопрос повышения доходов населения особенно остро стоит для жителей сельской местности.

По данным Бюро национальной статистики, по состоянию на 1 апреля текущего года в сельской местности проживает около 8 миллионов человек, или 40,5 процента от всего населения страны. Однако есть проблемы, которые не решаются в течение долгого времени.

Так, использование термина «самозанятые» помогло уполномоченным государственным органам и органам статистики «решить» вопросы безработицы, но социальных проблем не решило. В Законе «О занятости населения» понятие «самозанятые» не закреплено.

По данным статистики, на первый квартал текущего года численность самозанятых составила более 2 миллионов человек, что составляет 23,6 процента от трудоспособного населения республики, из них около 1,2 миллиона человек из сельской местности.

Достоверность этих данных проверить не представляется возможным. Методика подсчета данной категории вызывает вопросы. Размеры реальных доходов самозанятых также никто не знает. Среднюю заработную плату Бюро национальной статистики рассчитывает, исходя из «белых» зарплат людей, подтверждающих свой доход документами.

Отсутствие четких критериев, кто попадает под категорию самозанятых, не позволяет планировать меры по их формализации и вовлечению в систему социальной защиты (пенсионного обеспечения, социального страхования и так далее).

Есть нерешенные вопросы самозанятых по категориям населения. Хотел бы остановиться на проблемах самозанятых, проживающих на селе. Так, особо остро стоит вопрос нехватки пастбищных земель. По официальным данным, у сельских жителей порядка 6,7 миллиона голов скота, для их выпаса требуется 53 миллиона гектаров земли, а имеется только 21 миллион гектаров. Более того, пастбищные земли в радиусе 5-6 километров от сельских населенных пунктов в значительной степени деградированы из-за чрезмерной нагрузки. При этом значительные площади земли находятся в собственности отдельных сельхозтоваропроизводителей, эффективность использования этих земель не представляется возможной.

Ввиду роста численности поголовья скота проблема будет только усугубляться и вызывать рост социальной напряженности. Нерационально используемые земли должны

быть возвращены в государственную собственность. К сожалению, в настоящее время процесс возврата идет слишком медленно, а именно для выпаса общественного скота.

Другой проблемой является реализация продукции с личных подворных хозяйств. Цепочки перекупщиков и посредников ограничивают свободный доступ к рынкам сбыта, то есть к крупным торговым центрам и базарам, которые, в свою очередь, не заинтересованы в приобретении продукции напрямую у сельских жителей по рыночным ценам.

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұрыптау, жуу, калибрлеу, оның тауарлық түрін беру және одан әрі сату үшін буып-түю сияқты операцияларды қамтитын сату алдындағы қызмет көрсету бойынша қызметтер жоқ.

Мұның бәрі ауыл шаруашылық өнімдері бағасының өсуіне ықпал етеді. Бұл ретте пайданың едәуір бөлігі ауыл тұрғындарының емес, делдалдар мен сауда нүктелерінде қалады.

2015 жылы «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заң қабылданды. Заң агроөнеркәсіптік кешендегі еңбек өнімділігі, өнімнің бәсекеге қабілеттілігі, техникалық жарактандырылуы, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруден түсетін кірістілік сияқты төмен және жоғары үстеме шығыстар, тағы басқа мәселелерді шешуге мүмкіндік береді деп болжанды.

Сонымен бірге проблемалар қалды. Белсенді емес және ресми түрде құрылған кооперативтердің көп бөлігі бар. Кооператив мүшелерімен өндірілген өнімді қайта өңдеу және өткізу мәселелері, кооперативтерді дамытуды ынталандыру жөніндегі шаралардың жеткіліксіздігі, жоғарыда айтылғандай, ауылшаруашылық жерлерінің жетіспеушілігі де бар.

Осы салада бірқатар мемлекеттік реттеу шараларын қабылдау қажет.

Үкімет жоғарыда аталған проблемаларға назар аударып, халықтың табысын арттыру бағдарламасы шеңберінде оларды шешу жөнінде шаралар кешенін көздеу керек деп санаймын.

Бұл халықтың табысын, жұмыспен қамтылуын едәуір дәрежеде арттыруға мүмкіндік береді және тұтастай алғанда ауылдық жерлердегі экономиканың дамуына оң әсер етеді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергенұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылғы 11 қаңтарда Мәжіліс отырысында халықтың жұмыспен қамтылуы мен табысының төмендігі проблемаларына тоқталып, Үкіметке халықтың табысын арттыру бағдарламасын әзірлеуді тапсырды.

Талдау нәтижелері бойынша тұрақты оң динамикаға қарамастан, соңғы екі жылда халықтың нақты ақшалай табысының өсу қарқыны 2019 жылғы 6,4 пайыздан 2021 жылғы қаңтар-ақпанда 3,1 пайызға дейін баяулағаны айқындалды.

Сонымен қатар халық табысының құрылымында еңбек етуден түсетін кірістердің төмендеуі мен әлеуметтік трансферттерден кірістердің өсуі байқалады. Халықтың еңбек етуден түсетін табысының үлесі соңғы 10 жылда 10,8 пайыздық тармаққа төмендеді. Өз кезегінде әлеуметтік трансферттердің үлесі керісінше 10 пайыздық тармаққа өскен. Аталмыш мәселе экономикаға кері әсерін тигізетін «тұтынушылық» психологиясын қалыптастыруға өз әсерін тигізгенін айта кеткен жөн.

Осыған байланысты және жүргізілген талдауды ескере отырып, уәкілетті органдар жақында ғана қабылдаған Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасында жаңа жұмыс орындарын аша отырып, еңбек қызметінен түскен табыстар үлесін арттыру бойынша біршама басымдықтар белгіленіп отыр.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Президентінің Жамбыл облысындағы ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі пилоттық жобасын кеңейту тапсырмасына орай Агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде 2023 жылдан бастап жыл сайын 7,5 мың микрокредит беру жоспарымен 30 миллиард теңге бөлу көзделген.

Осы ретте мен екі мәселеге тоқталып кеткім келеді.

Бірінші мәселе «Жамбыл облысы тұрғындарының тұрмыстық табысын жақсарту» жобасына» байланысты. Жоба үй іргесіндегі жерлерді тиімді пайдалану, үй ауласындағы мал мен құстың өнімділігін арттыру, ауыл сыртындағы пайлық үлес жерлерді ұтымды пайдалану, сол арқылы жем-шөп, жайылым мәселесін шешу, қосалқы шаруашылықтардың тиімділігіне қолбайлау болып отырған мәселелерді кооперативтер арқылы және ауылдағы шағын жобаларды қаржыландыру тетіктері арқылы өңір тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған.

Қанатқақты жобаның бірінші кезеңін іске асыруға бөлініп, игерілген қаражаттың тиімділігіне байланысты жан-жақты жабыла жарысып жазып та, айтып та жүрміз. Алайда, өкінішке қарай, Жамбыл облысындағы пилоттық жобаға сұралған 46,4 миллиард теңгенің 2019 жылға бірінші траншпен берілген 7,2 миллиард теңгесінен кейін қаржыландыру жалғасын таппады. Нәтижесінде жоба әр ауданның бір-бір округында, облыс көлеміндегі 156 ауылдық округтың 11 округында, яғни облыстың әкімшілік аумақтарының 7 пайызында ғана жүргізілді.

Аталған жобаның негізгі мақсаттарына қол жеткізуі үшін ең бастысы бүгінгі күнде Жамбыл облысындағы пилоттық жоба бірінші кезекте толықтай қаржыландырылып, жүзеге асырылуы тиіс. Сонда ғана пилоттық жобаның толыққанды тиімділігі туралы қорытынды шығаруға болады деп ойлаймын.

Кезегінде жоғарыда аталған аталмыш округтердегі бүгінгі күндегі жұмыс барысы зерттеліп, зерделеніп, талдануы керек және республиканың басқа өңірлерінде көбейту (масштаптау), жобаның жергілікті жерлердің ерекшеліктеріне кешенді бейімделуі тиіс.

Екінші мәселе. Жоғарыда аталған бағдарламаға сәйкес Ауыл шаруашылығы министрлігі 11 іс-шара бойынша негізгі орындаушы болып табылады. Оның бірі маусымаралық кезеңде тиімді тауар интервенцияларын жүргізу мақсатында тұрақтандыру қорларының жүктемесін қамтамасыз ету болып табылады. Осы ретте жергілікті атқарушы органдармен аграрлық азық-түлік нарығына реттеушілік әсер ету және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында азық-түлік тауарларының жедел қоры құрылады.

Өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру кезінде азық-түлік тауарлары тікелей өндірушілерден немесе ауыл шаруашылығы өндірушілерінен, көтерме кәсіпорындардан, дистрибьюторлардан сатып алынады. Осы ретте қордың кезең-кезеңімен азық-түлік тауарларымен жыл бойы толықтыру жұмыстарын жүйелендіру мақсатында өңірлердің жылдық бюджеті қалыптастырылуы барысында есептік көлемде қаражат қарастырылуы тиіс деп санаймын.

Жалпы тұрақтандыру қоры жұмыстары құптарлық. Өңірлерде болған практикада нақты нәтижелер болды және азық-түлік бағаларын тұрақтандыруда белгілі бір дәрежеде оң ықпал болғанын толық сеніммен айтуға болады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгінгі күні елімізде кедейшілік пен жұмыссыздық өзекті проблемаға айналғаны жасырын емес. Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейіне жетпейтін халықтың үлесі 5,3 пайызды, бейресми деректер бойынша 1,5 миллионнан аса адамды құрайды. Халықаралық сарапшылар Қазақстанда кедейлік шегі күніне 2,8 АҚШ доллары, Еуропа елдерінде орта есеппен 5,5 АҚШ доллары, ал Ресейде 6 АҚШ доллары екенін көрсетеді. Қазақстан тіпті Африка мен Оңтүстік Америка елдерімен бір деңгейде екен.

Соңғы жылдары елде ішкі жалпы өнімнің бірнеше есе өсуі байқалғанымен, халықтың ең аз қамтамасыз етілген 40 пайызы өз бюджетінің 59 пайызын тамаққа жұмсайды. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған 2 миллионнан астам адамның 85 пайызы айына 100 мың теңгеден аз табыс табады. Олардың 10 пайызының табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен де төмен, ал кейбір өңірлерде бұл көрсеткіш шамамен 30 пайызға жетеді.

Осы орайда Президент тапсырмасына сәйкес Үкімет әзірлеген Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті қажетті іс-шара ретінде қабылдайды. Дегенмен осы бағыттағы бірқатар өзекті, жүйелі мәселелерге тоқталуды жөн көрдік.

2022 жылғы республикалық бюджетті нақтылауда елімізде инфляция коридоры 8-10 пайыз деп бекітілді. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше өткен жылдың наурызынан бері азық-түлік 20 пайыздан астам қымбаттаған. Бағаның өсуі әлі де болса тұрақтамай отыр. Бағдарламамен инфляцияны ауыздықтаудың негізгі шаралары ретінде жанар-жағармай бағасын реттеу және тарифтер мен коммуналдық қызметтер бағасын көтеруге 180 күнге мораторий енгізу, әкімдіктердің «Үй-жайдағы дүкендердегі» әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына 15 пайыздық үстемеақының сақталуын бақылау, оның 19 түріне шекті бағаларды енгізу, тұрақтандыру қорларын 70 миллиард теңгеден 140 миллиард теңгеге дейін ұлғайту қаралған. Аталған шаралар инфляцияны тұрақтандыруға мүмкіндік береді ме, керісінше тәуекелдерді арттырмай ма?

Мысалы, 2021 жылы азық-түлік тауарларының бөлшек сауда айналымындағы көлемі 4,9 триллион теңгені, соның ішінде тұрақтандыру қорлары мен «айналым

схемасының» үлесі еліміз бойынша тек қана 90 миллиард теңгені құрады. Бағаны тұрақтандыруға әсері болмады, соған қарамастан қосымша 50 миллиард теңгені тағы да тұрақтандыру қорына бөлгелі отырсыздар. Бұл шара бағаны ауыздықтауға қаншалықты мүмкіндік береді? Үкімет бұған сенімді ме?

Осы орайда Үкіметтің 3,5 миллионнан астам қызметкердің, оның ішінде бюджет саласы бойынша 850 мың дәрігер, педагог, ғалымдар және тағы басқалардың табысын арттыру бойынша ұсынылып отырған шаралар инфляцияның өршуіне себеп болмай ма?

Бағдарламамен жаңа жұмыс орындарын құру арқылы халықтың табысын арттыру мақсатында «Алғашқы жұмыс орны», «Түлектерге арналған жастар практикасы», «Ұрпақтар келісімшарты» жобаларын іске асыруға республикалық бюджеттен 105,4 миллиард теңге, бизнес-идеяларды іске асыру үшін 20 мың жас азаматқа, халықтың әлеуметтік осал топтарына «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі» ұлттық жоба шеңберінде қаралған қаражат есебінен 400 айлық есептік көрсеткішке дейін өтеусіз гранттар беру жоспарланған.

Өздеріңізге белгілі, соңғы 10 жылдықта «Еңбек» бағдарламасы, оның ішінде «Серпін», «Бастау Бизнес» жобалары, сонымен бірге «Жас кәсіпкер», «Jas project» сынды бағдарламалар іске асырылды. Бұлардың барлығының концепциясы – жұмыссыздық мәселесін түбегейлі шешіп, халықтың табысын арттыру болды. Тек «Еңбек» бағдарламасының өзіне соңғы 5 жылда 695 миллиард қаражат жұмсалған. Бірақ олардың көбісі қағаз жүзінде іске асырылған іспеттес.

Мақсатты индикаторларға толық қол жеткізілді деп алақайладық, алайда нақты жағдай бұдан алшақ болып отыр. Мәселен, тұрақты деп құрып жатқан жұмыс орындарына орналасқан азаматтарды зейнетақы салымдары арқылы талдап көргенде 2-4 айдан артық жұмыс істемегені анықталды, яғни ашылған жұмыс орындарының басым бөлігі уақытша болып, жұмыссыздар тек бір мезеттік шаралармен қамтылған.

Сондай-ақ «Бастау Бизнеспен» 5 жыл ішінде 185 мың адам кәсіпкерлік негізіне оқытылды, солардың 33,5 пайызы, яғни 62 мың адам шағын несиеге қол жеткізіп, өз бизнестерін ашқан.

Одан бөлек «Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасымен жастарды алғашқы жұмыс орнына орналастыру мерзімін 6 айдан 12 айға ұзарту қарастырылған. Бірақ 2021 жылы осы бағдарламамен жұмысқа орналасқандардың тек 62 пайызы, оның ішінде 7 мың адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Осы ретте мұндай мемлекеттік бағдарламаларға жұмсалған қыруар қаражатты нақты экономиканы қолдауға, тұрақты жұмыс орындарын құруға бағыттағанда тиімді болар ма еді?

Ұсынылып отырған бағдарламада ауылдық жерлерде жұмыспен қамтуды ұлғайту және еңбек табысын арттыру әрбір ауылдың әлеуметтік-экономикалық көрінісін, мамандануын, бизнес-әлеуетті және кооперациялық бағыттарын айқындау және технологиялық карталарды қалыптастыру үшін скрининг жүргізуге 5 жылға 190 миллиард қаражат қарастырылып отыр. Сонда бүгінгі күнге дейін жүргізілген мемлекеттік бағдарламалар аясында мұндай талдау, зерделеу жұмыстары жүргізілмеген бе? «Мемлекеттің қыруар қаржысы қандай базалық нормативтер негізінде жоспарланып игерілген?» деген заңды сұрақ тағы да туындайды. Егер оларды жоспарлау мен игерудің сапасы көрсетілгендей сын көтермейтін болса, мүмкін тексеру шаралары қажет болар?

Бағдарламамен 2025 жылға дейін 2 миллион жаңа жұмыс орнын құру жоспарланғаны қуантады. Алайда жұмыс орындарының 600 мыңнан астамы тұрақты, қалғаны уақытша екені ойландырады.

Бағдарлама халықтың әл-ауқатын арттыру және өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында қолданылып отыр. Бұған біз азаматтарымызды сапалы жұмыспен қамту мәселесін түпкілікті шешкен жағдайда ғана қол жеткізе аламыз.

Жоғарыдағы баяндалғандарға сәйкес Үкімет көтеріліп отырған өзекті мәселелерді қатаң және тұрақты бақылауда ұстап, жүйелі шаралар мен тиімді шешімдер қабылдауы тиіс деп ойлаймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСП Н.Б. Мен қысқаша ғана айтайын. Жалпы осы бүгінгі жиналысты да, елдегі реформаларды да, Үкіметтің барлық жасап жатқан шараларын да көрсететін біздің бұқаралық ақпарат саласы қызметкерлерінің еңбекақысы туралы мәселе күн тәртібінде тұр. Сапалы хабар, пайдалы ақпарат бәрімізге керек. Бірақ БАҚ саласындағы қызметкерлердің еңбекақысы республикалық орташа көрсеткіштен де төмен – 202 мың теңге ғана. Журналистер не бюджеттік қызметкерлерге жатпайды, не коммерцияға жатпайды. Бірақ қолымен де, миымен де творчество жасайтын, өндіріс өндіретін адамдарды, бәлкім, «өндіріс қызметкерлері» деп мемлекет өндірістік талаптарға сай қаржыландырса қайтеді деген бір ұсынысым бар.

Біз «журналистер» деп қана қоя саламыз, ал қанша оператор бар, қанша видеоинженер бар, жарықпен жұмыс істейтін адамдар бар, монтажерлер бар, солардың барлығының айлық жалақысы өте төмен жағдайда. Сондықтан біз реформалар жақсы жүрсін десек, бірінші кезекте бұқаралық ақпарат саласы қызметкерлерінің жалақысын дұрыстауымыз керек.

Нартайдың айлығы мен Познердің айлығын салыстырсаңыз, жер мен көктей.

Үкімет осыны ескерсе деймін.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Исабаев Бейбіт Өксікбайұлына беріледі.

ИСАБАЕВ Б.Ө. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті әріптестер! Бүгін өте үлкен талқылау болды ғой деп ойлаймын. Менде бір ғана ұсыныс бар. Біздер соңғы ондаған жылдар бойы көптеген ұлттық, мемлекеттік бағдарламалар қабылдағанның өзінде де халықтың әл-ауқаты дәрежесінің қоғам күткендегідей өспей отырғандығы үлкен мәселеге айналып отыр. Сондықтан қоғам тарапынан сенімсіздік бар, депутаттар тарапынан сұрақтар болып жатыр.

Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасына орай Халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бағдарламаның соңына дейін 2,5 жылдай уақыт қалды. Амбициясы өте жоғары бағдарлама. Үкімет басшылығының, Үкімет мүшелерінің айтуына қарағанда 3,5 миллион

адамның еңбекпен тапқан табысын көтереміз, 2 миллион жұмыс орнын ашамыз дейді. Одан кейін жалпы ішкі өнімдегі еңбекақының үлесі 7 пайызға өседі, өмір сүру деңгейі төмен адамдардың санын 2 пайызға азайту, еңбек табыстарын 12 пайызға көтеру. Жаңа Тамара Қасымқызы айтқандай, еңбек нарығына келетін жастардың келу көрсеткіші мен ашылатын жаңа жұмыс орындарының теңгерімділігі, мүмкін, басқа шығар.

Мәулен Сағатханұлы, қоғам тарапынан, оның ішінде Парламент тарапынан осындай сенімсіздік болмау үшін менде мынадай ұсыныс бар. Осы бағдарламаның орындалуын әр жыл сайын (жарты жыл, мүмкін, ерте болар) жылдың аяғында Үкімет өздерінің ашық сайтында, болмаса біздің Парламентке келіп бағдарламаның орындалу барысын нақты цифрлармен баяндаса. Мысалы, үш жылда 2 миллион жұмыс орны ашылатын болса, бір жылда қанша жұмыс орны ашылды, қанша адамның еңбекақысы көтерілді, жұмыссыздық деңгейі қанша пайызға азайды, соның деңгейін Парламентке ашық, барлық қажетті ақпараттармен беріп отырса, қоғамға ашық көрсетіп отырса деп ойлаймын. Сонда қоғам тарапынан сенімсіздік те болмайды және бұрынғыдай қабылданып, бірақ нақты жүзеге аспаған жоспарлардың кебін кимейді деген ой туады. Менде осындай ұсыныс. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ералы Лұқпанұлы, бұл ұсынысты ескересіздер деп ойлаймыз.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. Сондай сенімсіздік бар деп айту артық деп ойлаймын. Халықпен ашық әңгіме жүріп жатыр. 52 эксперттің тікелей қатысуымен бір айдан аса талқыланды, ашық талқыланды. Өткенде 60 журналисті шақырып, арнайы ашық 3 сағат талқылады. Қоғамның әрбір кезеңінде арнайы презентация өткізілді.

Сосын бір жыл емес, бір жұма сайын ақпарат беріп отырамыз. Бұл бүкіл қоғамның қатысуымен ашық талқыланатын жоба. Әрбір жобаға қоғам қайраткерлерін тартып отырғанымызды, бүкіл елмен ашық талқыланатын жоба екенін сізге айтқым келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау аяқталды.

Құрметті әріптестер, бағдарлама бойынша арнайы баяндама жасап, жан-жақты мәлімет бергені үшін Премьер-Министрдің орынбасары Тоғжанов Ералы Лұқпанұлына алғысымызды білдіреміз. Сондай-ақ отырысқа қатысқан Үкімет мүшелері мен жоба жетекшілеріне рақмет айтамыз. Бүгін мазмұнды және конструктивті диалог болды деп есептеймін.

Шын мәнінде Халықтың табысын арттыру бағдарламасы жөніндегі кешенді жоспар ауқымды мәселелерді қамтиды. Бұл бағытта Үкіметтің үлкен жұмыс атқарғанын көріп отырмыз. Түрлі ұлттық жобалар, мемлекеттік бағдарламалар және жоспарлар бойынша іс-шаралар жүйеленген. Жаңа өңдеуші кәсіпорындар ашуға, өңірлердегі инфрақұрылымды дамытуға бағытталған нақты қадамдар қарастырылған. Шағын кәсіпкерлікті дамытуға, әсіресе оны ауылдық жерлерде қолдауға баса мән берілгенін айта кеткен жөн. Агросектор саласында 50 мың отбасылық шаруашылық құру жобасы – бағдарламаның негізгі жаңалығы және маңызды мақсаты екені сөзсіз.

Сонымен қатар жастарды жүйелі қолдау шаралары да назардан тыс қалмаған. Нақты айтқанда, оларды оқытуға және жұмысқа орналастыруға, жастар кәсіпкерлігін дамыту

бағыттарына басымдық берілген. Мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту, әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша да маңызды шаралар қарастырылған. Барлық қолға алынған шаралардың табысты жүзеге асырылуына Сенат тарапынан тиісті көмек беруге дайынбыз.

Жалпы халықтың табысын арттыру – стратегиялық міндет. Мемлекетке деген сенім мен барлық жаңғыру реформаларының табысты болуы да осы міндетке тікелей байланысты.

Азаматтар жағдайының жақсарғанын нақты сезінуі керек. Ендігі жерде «бөлінген қаражатты игерсек болды» деген бұрынғы тәсілдер жұмыс істемейді. Сондықтан жобалық тәсіл қағидатын енгізіп жатқандарыңыз құптарлық дүние. Оның ішінде жоспарланған нәтижеге қол жеткізу үшін нақты басшылардың жеке жауапкершілігін қарастырған жөн деп есептейміз.

Бағдарламалардың іске асырылуын бақылау тетіктерін де жетілдіру керек. Кешенді жоспарды жүзеге асырудың тиімділігін анықтайтын нақты критерийлер қажет. Олар қағаз жүзінде ғана қалмауы керек.

Жалпы алғанда осы шаралар 3,8 миллион адамды қамтиды. Бұл еліміздегі жұмыс істейтін азаматтардың жартысына жуығы деген сөз.

Осы ретте бағаның негізсіз өспеуі аса маңызды. Ол туралы бүгін әріптестеріміз айтты. Сонда ғана халық жағдайының жақсарғанын шын сезіне алады. Сондықтан Табысты арттыру бағдарламасының тағы бір міндеті – инфляцияны ауыздықтау екенін де ұмытпауымыз қажет.

Құрметті отырысқа қатысушылар! Бүгін көтерілген мәселелер мен айтылған ұсыныстар Үкімет тарапынан алдағы жұмыста ескеріледі деп сенеміз. Біз бағдарламада көрсетілген шараларды қолдаймыз.

Ералы Лұқпанұлы және әріптестеріміз өздерінің ұсыныстарын, ойларын, пікірлерін айтып жатыр, олай айту Парламентте орынды шығар. Біздің бәріміздің ең негізгі ойлап отырғанымыз – осы бағдарламаның тиімді, нәтижелі жүзеге асуы. Соған біз өз тарапымыздан көмегімізді беруге, Үкіметпен, тиісті министрліктермен бірге жұмыс істеуге дайынбыз. Жалпы бұл жерде Палата тарапынан ешқандай сенімсіздік жоқ. Президенттің тапсырмасын орындауға біз бар күшімізді салатын боламыз. Жалпы халықтың әл-ауқатын арттыру, жағдайын дұрыстау – бәріміздің, Үкіметтің де, әкімдердің де, депутаттардың да басты міндеті деп айтуымыз керек. Осы бағытта бәріміз бірлесіп жұмыс істейік. Бүгінгі айтылған ұсыныстар, ойлардың барлығын сол бағдарлама жақсы, тиімді жүзеге асыр деп айтылып жатқан пікірлер деп қабылдаңыздар.

Құрметті әріптестер! Алдағы уақытта осы бүгін талқыланған бағыттар бойынша бәріміз бірлесіп, нәтижелі жұмыс істейміз деп сенемін. Сол жолда жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін.

Ералы Лұқпанұлы, сөз сізде.

ТОҒЖАНОВ Е.Л. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Өте маңызды бағдарлама бүгін талқыланды. Осы жерге арнайы шақырып, жілігін жіліктеп, бірге талқылағандарыңызға рақмет айтамын.

Депутаттардың көптеген нақты ұсыныстарын (талқылау барысында әріптестеріммен ақылдасып отырдық) қарастырамыз. Керемет ұсыныстар енгізілді. Оны тағы да елмен бірге талқылап, елдің алдына шығарамыз.

Бүгінгі қолдауларыңызға үлкен рақмет айтамыз. Елдің ауқатын көтеру үшін үлкен жұмысты атқарып, бірге үлкен шешімдерге жететінімізде ешқандай күмән жоқ. Рақмет.

ТӨРАҒА. Дұрыс айтасыз. Бірге жұмыс істейміз. Бізді бұл жерде осы бағдарламаның жанашырлары деп қабылдаңыздар, бізде басқа ешқандай ой да болуы мүмкін емес.

Ауыл шаруашылығына қатысты, өндіріске қатысты, шағын және орта бизнеске қатысты қаншама ұсыныстар енгіздіңіздер, соның барлығын дұрыстап жүзеге асыруымыз керек.

Бүгін өте жақсы, мазмұнды, нақты талқылау болды деп есептеймін және бұл талқылау сіздерге де, бізге де алдымызда тұрған мақсаттарды тереңірек түсінуге мүмкіндік берді деп сенеміз.

Құрметті әріптестер! Осымен Сенаттың отырысы аяқталды. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2022 жылғы 26 мамыр

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Армения Республикасына мұнай өнімдерін беру саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Республики Армения о торгово-экономическом сотрудничестве в области поставок нефтепродуктов в Республику Армения», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министрі

Ә.М. МАҒАУОВТЫҢ баяндамасы

Доклад вице-министра энергетики Республики Казахстан МАҒАУОВА А.М. 1

Сөз сөйлеген:

Выступил:

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. 3

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Б.Н. ҚАНИЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству КАНИЕВА Б.Н. 3

Сөз сөйлеген:

Выступил:

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. 4

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Кабинетом Министров Кыргызской Республики об оказании военно-технического содействия в обеспечении безопасности

Центральноазиатского региона», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары
С.Б. ҚАМАЛЕТДИНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад заместителя Министра обороны Республики Казахстан
КАМАЛЕТДИНОВА С.Б. 5

Сөз сөйлеген:

Выступил:

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. 5

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі
Н.Н. НҰРСИПАТОВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности НУРСИПАТОВА Н.Н. 6

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ЕРШОВ С.М. 7

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары
Е.Л. Тоғжановтың «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі
бағдарламасы» кешенді жоспарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы ақпараты**

Информация Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан
Тугжанова Е.Л. о мерах по реализации Комплексного плана «Программа повышения
доходов населения до 2025 года» 8

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. 13

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі, Министр труда и социальной защиты населения
Республики Казахстан 14

СҰЛТАНОВ Е.Х. 14

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика
министрі, Министр национальной экономики Республики Казахстан..... 15

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. 15

БАҚТИЯРҰЛЫ М. 17

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. 19

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. 20

БЕКБАУОВ Б.Ә. – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-
министрі, вице-министр сельского хозяйства Республики Казахстан..... 20

ҚАПБАРОВА А.Ж. 21

ДҮЙСЕНОВА Т.Б. 22


ЖҰМАҒАЗИЕВ Э.Т. – «Ауал аманаты» жобасының жетекшісі, руководитель проекта «Ауыл аманаты»	24
БЕКЕНОВ Н.Ж.	25
СҮЛЕЙМЕН Л.Ж.	26
ҚУАНТЫРОВ Ә.С.	27
ДҮЙСЕНОВА Т.Б.	27
ӘДІЛБЕКОВ Д.З.	27
ҚУАНТЫРОВ Ә.С.	29
ӘДІЛБЕКОВ Д.З.	29
ДҮЙСЕНОВА Т.Б.	30
ЛҰҚПАНОВ С.Е.	30
ҚУАНТЫРОВ Ә.С.	31
МАҒАУОВ Ә.М. – Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министрі, вице- министр энергетика Республика Казахстан.....	31
ҚАРАБАЕВ М.К. – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі, вице-министр индустрии и инфраструктурного развития Республика Казахстан	32
ЛҰҚПАНОВ С.Е.	33
ҚАНИЕВ Б.Н.	33
НҰРАЛИЕВ Ә.Т.	34
НӨКЕТАЕВА Д.Ж.	36
ЖҮСІП Н.Б.	38
ИСАБАЕВ Б.Ө.	38

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы



И. Шыныбаева